**Андатпа.** Эпистолярлық публицистика тақырыбы – бүгінгі қазақ журналистикасы теориясында там-тұмдап қана қарастырылып отырған жанр. Өйткені, қазіргі ақпарат тасқындаған дәуірде рухани құндылықтай болған эпистолярлық жанрдың баспасөздегі көрінісінің саябырсып қалғаны жасырын емес. Автор мақалада хаттың тілі мен стиліне, тақырыбына, адресат пен автор қарым-қатынасының көрінісіне ғылыми тұрғыда барынша зер салады. Мақалада баспасөз арқылы хат жазысқан қаламгерлердің әдеби, қоғамдық мәселелер төңірегіндегі публицистикалық екпіндерін талдап, жанр ерекшелігін айқындай түседі. Қазақ даласындағы хат жанрының мұра бастауларына, көне хаттардағы пікір ерекшеліктеріне, зиялылардың хат алмасып, дәуір үніне баға беруіне жан-жақты пікір, нақты дәйек, ой айтылады.

Автор ғылыми мақалада сондай-ақ, ретроспективалық, сыршыл, полемикалық хаттарға талдау жасайды әрі эпистолярлық публицистиканың үлгі боларлық тәрбиелік, танымдық тұстарына барынша баға береді. Газет руханилығының барометрі іспеттес эпистолярлық жанрдың бүгінгі қыр-сыры мен көтеріп отырған жүгіне ғылыми тұрғыда тұщымды ой мен пайымды пікір беріледі.

**Түйін сөздер:** эпистолярлық жанр, газет, журнал, мақала, журналист, публицист, қаламгер, автор, дерек, дәйек, көркем әдебиет, шығарма, полемика, ретроспективалық хат.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-127-2-20-25>**

**Кіріспе.** Эпистолярлық жанр – баспасөзде там-тұмдап көрініс табатын, қазіргі журналистиканың өте аз зерттелген жауынгер жанрларының бірі. Кеңестік дәуірде орыс зерттеушілері Е.П.Прохоровтың «Эпистолярная публицистика», «Письмо», А.А.Тертычныйдың «Жанры периодической печати», «Жанры советской печати» атты еңбектерінде эпистолярлық жанрға біршама анықтама беріліп, ерекшелік сипатына тоқталып өтеді. Айталық, баспасөз зерттеушісі А.А.Тертычный: «Хат жанрында орындалған жарияланымдарды эпистолярлық журналистика», -деп анықтама берсе [1, 29 б.], ғалым Е.П.Прохоров хаттың нақты белгілерін: «Хаттарды мына үш белгісі арқылы анықтап алуға болады. Ол – автор (хат жазушы), дерек және адресат (хат бағышталған адам). Бұлардың арасындағы ең маңыздысы – дерек немесе деректер тобы. Олар автордың аталған фактілерге я адресатқа деген қатынасын анықтайды», -деп атап өтеді [2, 19 б.].

Эпистолярлық жанрға «Әдебиеттану терминдер сөздігінде»: «Эпистолярлық әдебиет – хат түрінде жазылған көркем шығармалар. Хат өлеңдермен қатар, көлемді прозалық шығармалар да (повесть, роман) негізінен хат түрінде жазылатыны болады. Кейде көркем шығармада кейіпкерлердің өзара жазысқан хаттарына үлкен орын беріледі. Бұл үлгіні қолдану шығармада адамның көңіл-күйін, ішкі сезім толғанысын тереңірек ашып көрсетуге мүмкіндік береді», - деп анықтама берілген [3, 394 б.].

Хат жанрының алғашқы үлгілері Антикалық дәуірдегі Эпикур, Цицерон, Сенека т.б. хаттарынан бастау алса, Шығыс әлеміндегі ең көне хаттарға Үнді патшасы Стратобаттың Серамидаға жіберген хаттарын жатқызамыз [3, 394 б.]. «Жалын» журналы 2008 жылы «Өмірдің мәні» айдарында алғашқы көне хаттардан үзінділер жариялады. Мәселен, «Жалын» журналының 2008 жылғы №2 нөмірінде А. Бейсеннің орыс тілінен аударып, жариялаған Сенеканың «Луцилийге өнегелік хаттарына» тоқталсақ. Бірнеше бөлімдерден тұратын хаттың «Қуаныш пен жағымпаздық жайлы» бөлімінде рахаттанудың рухани кесел екенін, қуаныш тек даналардың несібесі, нағыз иігілікке сенетін жанның әлдебір көтеріңкі

күйі болатынын ұғындыра келіп: «Дананың жаны – әрдайым бұлтсыз болатын ай үстіндегі әлем», - деген сипаттамамен қорытады. Пәлсапаға толы хаттардан рухани азық аларлық парасатты ойды көптеп кездестіруге болады: «Бізге бірқалыпты мақтау аз: біз ұятсыз жағымпаздық жапсырғанның бәрін керекті деп қабылдаймыз; бізді бәрінен де жақсы, бәрінен де дана деп айтқандарға, олардың өтірікші екенін біле тұра, басымызды шұлғимыз. Біздің өзімізге-өзіміздің кешірімділігіміз сонша, дұрыс істемегенімізге де мақтау тілейміз. Жағымпаздық әркімді өз шамасына қарай ақымақ етеді...» [4]. Материалдық байлықты рухани байлықтан жоғары қоятын бүгінгі заманда қаншама ғасырлық тарихы бар осындай хаттардың тәрбиелік мәні аса зор. Бүгінгі жастар танымы мен көкжиегіне серпіліс сәуле боларлық ретроспективалық хаттарды баспасөзде жиі жариялап отыру қажет тәрізді.

Қай ұлттың тарихында болмасын «ұлы сиямен» жазылған беттер жоқ емес. Орыс халқында ащы шындықты бетке айтқан орыс жазушысы Петр Чаадаевтың «Философиялық хаттардан үзіндісін» кезінде «Кентавр» газеті жариялады (24 тамыз 2007 жыл). 1991 жылдары бұл хаттарды орыс тілінен жазушы Асқар Сүлейменов аударған екен. Император Николай I-нің кезінде жазылған хаттағы Отанға, Ресей жұртшылығына қатысты мынадай жолдар ойландырмай қоймайды: «...Отанды сүю ғажайып нәрсе, бірақ одан да ғажайып бір ұғым бар – ақиқатқа табыну», - десе, тағы бірде: «...Мен өз Отанымды аузымды тігіп, тіземді иіп, көзімді жұмып жақсы көруге мойынсұнған емеспін. Менің ойымда, Отанға мейлінше пайдалы болудың әрі төте, әрі жалғыз жолы – оны қапысыз тану. Менің ойымда, көзжұмбай құштарлықтың заманы әлдеқашан өткен. Барды жоқ деме, әсіресе, жоқты бар деме. Менің ойымда, біз алдыңғы толқындардан кейін олардан қарға қадым болса да ілгерілеу үшін келгенбіз. Олардың кеудесокты көрсоқырлығын қайталамау үшін келгенбіз. Ел тарихына адамзат ойының ұшар бигінен қарамайынша түк те шықпайды» [5].

Әдебиет тарихында сыншы В.Г.Белинский мен жазушы Н.В. Гоголь арасында жазылған бірнеше хаттар бар, солардың бірінде: «Биылғы жазда басталған көкірек ауру мені шетелге қуып жіберді, бүгін Анненков екеуміз бұл жерден шығып, Майндағы Франкфуртты басып, Парижге кетпекпіз. Сізден кенет хат алуымның арқасында кітабыңыз туралы ойымда жатқан сізге қарсы пікірлерімді атқаруыма тура келді. Мен ірке сөйлеуді, кулық жасауды білмеймін, бұл менің қолымнан келмейді. Мен сіз туралы пікірімде адасқан болсам, өзіңіз дәлелдерсіз, уақыт дәлелдер...», - деп жазылған жолдар бар [6].

Қазақ халқының руханиятында елеулі орны бар қазақ даласының тұңғыш этнограф-ғалымы Шоқан Уәлихановтың орыс жазушылары Ф.М.Достоевскиймен, Г.Потанинмен, А.Н.Майковпен, ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің Н.И.Ильминскиймен, В.В. Катаринскиймен т.б. қайраткерлермен жазысқан хаттарын ерекше атауымызға болады. Бұл хаттар екі адамның жеке көңіл-күйі, денсаулығы, тұрмыс жағдайы жөнінде ғана хабар бермейді, қазақ халқының өткені мен болашағына қатысты көлемді ойлармен баяндалады. Бұл хаттардың құндылығы да сонда. Мысал келтірсек, Шоқан Ф.М. Достоевскийге: «Өзіңіз кеткеннен кейін мен Сіздің қалаңызда тек бір қонып, келесі күні ертемен жүріп кеттім... Сізбен бірге Семейде өткізген азғана күн маған сондай тамаша әсер етті, ендігі менің бір ойым сізбен тағы бір кездесу...», - деп ағынан жарылады [7, 64 б.]. Орыс досына жазылған келесі бір хатында Шоқан: «Бір кездері менің өз отандастарыма пайда келтірейін, оларды чиновниктер мен қазақ байларының озбырлығынан қорғайын деп, сұлтан болсам ба деген ниетім де болған. Сондағы көбіне ойлағаным – оқыған правитель-сұлтанның қандай пайдалы болатынын жерлестеріме өз ісіммен көрсету еді», - деген жолдар арқылы ғұмырындағы ең бір даулы мәселеге, аға сұлтандыққа неліктен сайлауға түскендігін түсіндіріп кетеді [7, 71 б.].

1900 жылы Әлихан Бөкейхановтың «Ашық хат Жапан баласына» жарық көрген. Онда Ә.Бөкейханов Жапан баласы деген автордың Иса Бердалин туралы: «Қашан болса да халықтың пайдасын ойлаушы еді», - деп жазған пікірін жоққа шығару үшін қолына қалам алған. Бұл – нағыз эпистолярлық жанрдың үлгісі деп едік.

Төл көсемсөзіміздің даму дәуіріне сәйкес «Қазақ», «Сарыарқа», «Айқап», «Абай» т.б. басылымдарда да хат жанры жиі көрініс тапты. «Айқапта» тіпті «Ашық хат» деген тұрақты айдар да болды. Бұл «Ашық хаттар» көбінесе үндеу, ұсыныс тастау сипатында болды. Әсіресе, оқыған қазақ жастары бірін-бірі ел болашағы үшін қызмет істеуге, ортақ іске жұмылуға шақыратын. Мәселен, 1917 жылдың 14 қыркүйегінде «Сарыарқа» газетінде жазушы Мұхтар Әуезовтің «Оқудағы құрбыларыма» тақырыбымен үндеу хаты жарияланды. Онда автор жер-жердегі замандастарына «теңіз –тамшыдан» деген ой айтып, бәрін ауызбіршілікке шақырады да: «...Біздің көбімізде халыққа мінезімізбен жақсы болмақ түгіл, оқығандар деген атқа кір жұққызатын жаман мінездер көп. Соның бірі – карта, газет бетіне қарамайтын, қазақ ісінен хабарсыздық, басы құралмайтын берекесіздік, ұзамайтын маскарад. Жас уақытта бұнымен жігіттің үлкейгенде уытты, қажымайтын ұлтшыл болуы дүдәмал. Жігіттер!.. Қала-қаладан ұйым ашалық. Халық түзеуді жол қылайық. Бұрынғы жаман әдеттерді тастауға тырысалық...» [8, 63 б.].

Қазақ әдебиеті тарихында қаламгерлердің бір-біріне жазысқан хаттары өте көп. Басылым беттері арқылы зиялылар өзара хат жазысып, не оқырманға үндеу тастап, кейде сырласып жатады. Одан бөлек әдебиет ой кеніне айналған, қаламгерлер арасында өткен жылдар еншісінде қалған құснихаттар жаңғыртылып қайта басылып жатады. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газетінің 2008 жылғы 12 қыркүйектегі санында мұрағатта 77 жыл сақталған Ш.Құдайбердіұлының С.Мұқановқа жазған хаты жарияланды. «Ардақты Сәбит бауырым! 31-інші жыл, 3-інші февральда елсіздегі Саятқорада жазылды», -деп басталған хат мазмұны одан ары Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» өлеңдерінің жазылып, өз қаражатымен 1000 дана бастырғандығы, «Еділ, Мәрия» романының жай-күйі туралы т.с.с. шығармашылық ізденістері мен жазып жүрген дүниелерінен хабардар етеді. Сөз соңында Сәбит Мұқановқа Шәкәрім: «Менің қай жазбам басылса да, басылысымен баспа қаражатымен маған әрқайсысынан 50 данасын жіберсеңіз екен? Балаларыма, достарыма мирас беру үшін...», - деп тілек, өтінішін білдірген екен.

Хатты араб әрпінен қазақ тіліне аударған ақын Оразақын Асқар: «Мұтылған» деген бүркеншік аты «Ұмытылған» деген сөз болу керек», -деген ескерту ойын айтады [9].

1990 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің «Қаламдас» айдары Орталық мұрағаттан алынған көптеген қазақ жазушыларының бір-бірімен жазысқан хаттарын тұрақты түрде жариялап тұрды. Сол хаттар арқылы қаламгерлердің өзара қарым-қатынасы: қалжыңдары мен әдеби жаңалықтары, өкпе-наздары мен тілектес достығы көрініс тапты. 1955 жылы Әбділдә Тәжібаевтың Бауыржан Момышұына, 1959 жылы Зейін Шашкиннің Есмағамбет Ысмайыловқа, 1969 жылы Ғабит Мүсіреповтің Ілияс Омаровқа, 1972 жылы Сейфи Құдаштың Сырбай Мәуленовке т.с.с жазған хаттары жарияланды. Құсни хаттардан қаламгерлердің шығармашылық байланыстары мен әдебиетке қатысты ой-пікірлерін оқи отырып, өткен ғасырға саяхат жасап қана қоймай, қайнап жатқан әдеби өмірдің ортасына түсіп кеткендей сезінесің. Озық үлгідегі бұл хаттар сол дәуірдің ең жемісті кезеңі еді. «Қазақ әдебиеті» газетінің оқырман көңіліне шамшырақ болған үлкен бір шығармашылық белесі соларды қайта жаңғыртып, жариялауы болып табылады.

Баспасөздегі сыршыл хат үлгісін жазушы, ғалым Немат Келімбетов өзінің әкесі қалдырып кеткен өсиет-үлгіні баласына айтады. «Ұлыма хат» өсиетінің арғы жағында күллі қазақ баласына айтылатын ақыл-кеңестің жатқандығын бірден ұғыну қиын емес: «Қазіргі кейбір «жаңа қазақтар» бүгін рухсыздық науқасымен сырқаттанып жүр. Олар өз тарихын білгісі келмейді. Өз ата-бабаларының ерлігін мақтаныш етпейді. Өз анасының тілін ұнатпайды. Өз ақындарының өлеңін оқымайды. Өз сазгерлерінің күйін тыңдамайды. Өз ұлтының өнеріне тамсанбайды. Олар өзгелерге табынып үйренген. Әлі де табына бергісі, жалына бергісі, жалбарына бергісі келіп тұрады...», -деп жазады [10].

Сыршыл хаттың газет бетіндегі өзге хаттардан ерекшелігі де сол, адамның жеке қабилдауына арналып жазылады және барынша автордың ағынан жарылып, жан тебіреністерін ортаға салуға ыңғайлы келеді. Тәрбиелік мәнге ие осындай «Ұлыма хатты» кезінде жазушы, публицист Сапар Байжановтың да қылқаламынан оқып едік.

Эпистолярлық әдебиетке «Хат, күнделік түрінде жазылған шығармалар, ірі қоғам қайраткерлерінің өзара жазысқан, тарихи мәні бар, әдеби мұраға айналған хаттары жатады,- десек, кез келген жанрдағы газет жарияланымының адресаты бар [11, 710 б.]. Ол – оқырман. Хаттың ерекшелігі сол, оның оқырман қауым өз алдына, одан басқа негізгі адресаты болады. Хаттағы фактілер мен пікірлер осы, негізгі адресатқа арналғанымен, кейде көпшілік оқырманның бәріне түсінікті бола бермеуі де мүмкін. Сөйтіп, хатта автор мен адресаттың арасында жақын байланыс орнатылады. Тікелей адресатқа қаратып жазылатын хат оның назарын аударту үшін ең ұтымды жанр екенін ескергеніміз жөн. Әсіресе, талас тудыратын мәселелерге байланысты екі жақтың диалогқа барып, мән-жайды кең көлемді талқылағаны бүкіл ел үшін, оның мәдениеті мен әдебиетінің тарихы үшін маңызды. Екіншіден, деректерге адамның жеке қатынасы арқылы баяндаудың бояуын қанықтыруға болады. Пікірталас сипатындағы полемикалық хаттар көбінесе, әдебиет пен өнер тарихына арқау болады.

Мәселен, 2004 жылдың 7 сәуірінде «Егемен Қазақстан» газетінде сыншы, әдебиет зерттеушісі Жұмағали Ысмағұлов жазушы Қоғабай Сәрсекеевке «Ахаң туралы жазсақ, ақаусыз жазайық» және «Ақиқаттан аттамайық, бауырым» (Қ. Сәрсекеевтің жауабына орай) екі хат жазды. Бұл полемикалық хатта Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеудегі ақаулықтарға қатысты таласты пікір айтылады әрі оны дәлелдей түседі. Бұл хат ғылыми публицистиканың жүгін арқалайды. Хат жазушы Қ.Сәрсекеевке арналғанымен, көпшіліктің оқуы үшін жазылғаны, күллі әдебиетшілерді тарихи деректерді қолданарда абай болу керектігін ескертеді. Сыншы хатына жазушы жауап жазады. Алайда, Ж.Ысмағұлов өз ұстанымы мен пікірін, келтірген деректерін қорғап қалу үшін қолына тағы да қалам алады. Бұл А.Байтұрсынов секілді ұлт тұлғаларының өмірі мен шығармашылығына қатысты деректердің бұрмаланбауы жалыелдік мәселе екендігін ұғындыра түседі.

Баспасөздегі полемикалық хаттарға «Мынау қай Абай?» (Ана тілі, 2 желтоқсан 2005); «Дүмше молда дін бұзар» (Ана тілі, 10 наурыз 2005); «Мен»-нен «ол»-ға дұғай сәлем!» (Қазақ әдебиеті, 5 сәуір 2002) т.б. жатқызуға болады. Бұл хаттар баспасөзде жарық көрген белгілі бір еңбекке немесе мақалаға орай қарсылық пікір сипатында жазылған. Әрбір хатта өз тұжырымдарын шегелеп, адресатты, одан бұрын жалпы оқырман қауымды өзінің дұрыстығына сендіру басым екендігін аңғардық.

Кезінде қазақ журналистикасында едәуір жаңалық болған қаламгер Шерхан Мұртаза мен публицист Камал Смайыловтың «Егемен Қазақстан» бетінде жазысқан 24 публицистикалық хаты («Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!») экономикалық, әлеуметтік, саяси мәселелерді қаузып отырып, күллі оқырман жүрегіне жеткендігін білеміз. Хатта Шерхан Мұртаза уытты, өткір тілімен батыл ой айтса, Камал Смайылов ғылыми стильде нақты деректер мен фактілерді сөйлете білді. Қос публицист баспасөзде хат жазудың озық үлгісін көрсете отырып, қоғамдағы күрмеуі қиын мәселелердің шешімін замансөз тілі арқылы тауып отырды. Сөйтіп, сол хаттар 1990 жылдардың ортасында қоғамда үлкен резонанс тудырып, публицистикалық хаттың нағыз толысқан эталоны болды.

**Қорыта келгенде айтарымыз,** баспасөз беті – қоғам өміріндегі маңызды мәселелерді талқылайтын мінбе. Бүгінде эпистолярлық жанрдың баспасөзде азырақ көрінуі ой, сана биігі мен зиялылар жанайқайының төмендеуіне әкеліп отырған тәрізді. Ұлт руханияты, әдебиеті, мәдениеті, саясаты туралы бір-бірімен сырласар, мұңдасар ел азаматтарының азайып бара жатуы қынжылтады. Әлемдік деңгейдегі пікірталастарға хат арқылы ой айта білетін зиялылардың асыл сөздері мен білімді көзқарастары бүгінгі оқырманға аса қажет.

Баспасөздегі хат жанрын жандандырсақ, ол қоғамдық пікір шырғауынан тыс сөз қозғауға мүмкіндік берер еді. Сондықтан да, біріншіден, эпистолярлық жанр – зиялы қауым өкілдері: жазушылар мен қоғам, мемлекет қайраткерлері қалам тербейтін жанр. Екіншіден, хат жанры – жан-жақты білімділік пен терең дүниетанымдылықты талап ететін талғампаз жанр; үшіншіден, бұл жанр – әлі де толық зерттелмеген, іргелі ғылыми дәлелдеуді қажет ететін публицистиканың жұмбақ жанрларының бірі. Сондықтан да, болашақ баспасөз зерттеушілері әлі де хат жанрының құрылымын, тілдік ерекшелігін, лингвистикалық белгілерін терең талдап, жан-жақты зерттейді деген үміттеміз.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Тертычный А.А. Жанры периодической печати. / А.А. Тертычный - Москва: Аспект-Пресс, 2000. - 29 с.
- 2 Прохоров Е.П. Эпистолярная публицистика. / Е.П. Прохоров – Москва. - 1966. - 19 с.
- 3 Ахметов З., Шаңбай Т. Әдебиеттану: терминдер сөздігі. / З. Ахметов, Т. Шаңбай – Семей-Новосибирск: Талер Пресс., 2006. - 394 б.
- 4 Бейсен А. Сенеканың Луцилийге өнегелік хаттары. / А. Бейсен // Жалын, -2008, -№2. - 186 б.
- 5 Философиялық хаттардан үзінді. / Аударған: А. Сүлейменов // «Кентавр» газеті. 24 тамыз, - 2007.
- 6 Белинский В.Г. Гогольге хат. // «Кентавр» газеті. 30 қараша, - 2007.
- 7 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. / Ш. Уәлиханов – Алматы: Жазушы, 1985. - 264 б.
- 8 Әуезов және архив. / Құрастырушылар: З. Ижанова, Ғ.Исахан, М.Сандыбаева, Ж.Сатаева. – Алматы: Атамұра, - 1997. - 109 б.
- 9 Құдайбердіұлы Ш. Ардақты Сәбит бауырым! / Ш. Құдайбердіұлы // «Қазақ әдебиеті» газеті, 12 қыркүйек, - 2008.
- 10 Келімбетов Н. Ұлыма хат / Н. Келімбетов // Егемен Қазақстан, 5 қазан, - 2005.
- 11 Қазақ әдебиеті: энциклопедия. – Алматы: Білік. 1999. - 710 б.

### R.S. Zhaxylykbayeva

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### Genre educates the characteristics of «morality», «soulfulness»

**Abstract:** The subject is an epic genre, which is considered only in today's Kazakh journalism theory. It is not a secret that the epistolary genre, which has become a spiritual asset in the era of the modern era, has fallen in the press. The scientific article analyzes not only the language and style of writing, but also the analysis of issues such as the theme, the relationship between the addressee and the author. Through the press, the peculiarities of the genre are determined by evaluating the journalistic accents in the literary and public issues of writers. The author Expresses own thoughts through concrete arguments, giving full insight into the inheritance of the Kazakh steppe genre, the essence of the debates in ancient letters, intelligentsia and the epoch.

The author analyzes the retrospective, poignant, polemical letters in the scientific article and gives a high estimate of the educational and cognitive aspects of epic poetry. The philosophy of the epistle of the epic poetry of the newspaper is the philosophy of the epic poetry of the epistolary genre.

**Key words:** epistolary genre, newspaper, magazine, article, journalist, publicist, writer, author, dossier, quotation, fiction, essay, controversy, retrospective letter.



**Р.С. Жаксылықбаева**

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

**Жанр воспитывающий характеристики нравственности», «душевности»**

**Аннотация.** В последние десятилетия несколько снизился интерес к классическому жанру – эпистолярной публицистики, считающейся духовным активом казахской журналистики. В представленной научной статье анализируются лингвистические и стилистические особенности письма, а также тематика, проблематика текстов и психолингвистические формы коммуникации адресата и автора. В СМИ эпистолярный жанр также имеет особенности функционирования, проявляющиеся в писательском подходе к слову, литературной подаче факт, авторских акцентах, аргументации и видения перспективы. Автор исследования также обращает внимание на преемственность эпистолярной публицистики, обогащаемой видовыми характеристиками традиционными в казахской степи дебатов и словесных состязаний.

Всесторонне характеризуются ретроспективные и полемические аспекты эпистолярной публицистики, дается оценка учебно-познавательным факторам эпической поэзии в философии эпической поэзии эпистолярного жанра в газете.

**Ключевые слова:** эпистолярный жанр, газета, журнал, статья, журналист, публицист, писатель, автор, досье, цитирование, художественная литература, эссе, полемика, ретроспективное письмо.

**References**

- 1 Tertyjchnyj. A.A. Zhanrny periodicheskoi pechati [Genres of periodicals], (Newspaper «Aspekt-Press», Moscow, 2000).
- 2 Prohorov E.P. Jepistoljarnaya publicistika [Epistolary journalism] (Moscow, 1966, 19 p.).
- 3 Ahmetov S., Shanbai T. Adebiettany: terminder sosdigi [Literary Studies: a glossary of terms] , (Semei-Novosibirsk, 2006). [in Kazakh]
- 4 Beisen A. Senekanyjn Lucilijge onegelik hattaryj [Seneca’s letters to Luthera], Zhalyн. №2, 68–69 (2008). [in Kazakh]
- 5 Filosofyaljk hattardan usindi, Audargan: A.Suleimenov [Extract from philosophical letters], (Newspaper «Kentavr», 24.07.2007.). [in Kazakh]
- 6 Belinskij V.G. Gogol’ge hat [Letter to Gogol], (Newspaper «Kentavr», 30.01. (2007). [in Kazakh]
- 7 Ualihanov Sh. Tandamalyj shyjgarmalar [Selected compositions], (Almaty, 1985, 264 p.). [in Kazakh]
- 8 Aujesov shane arhiv. Qurastyjrushyjlar: S. Ishanova, G. Isahan, M. Sandibaeva, Sh. Sataeva. [Auezov and archive], (Almaty, 1997, 109 p.). [in Kazakh]
- 9 Qudaiberdiulu Sh. Ardaqtyj Sabit bauyjryjm! [Honorable Sabit my brother!] (Newspaper «Qazaq adabietі», 12.09.2008). [in Kazakh]
- 10 Kelimbetov N. Ulyjma hat [Send a letter to my son] (Newspaper «Egemen Qazaqstan», 05.10.2005). [in Kazakh]
- 11 Qazaq adabietі: jenciiklopedija [Kazakh literature: Encyclopedia] (Bilik, Almaty, 1999, 710 p.). [in Kazakh]

**Автор туралы мәлімет:**

**Жақсылықбаева Р.С.** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғ. 71, Алматы, Қазақстан.

**Zhaxylykbaeva R.S.** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi 71 str., Almaty, Kazakhstan.

ГРНТИ 19.01.11

**А.О. Есдаулетов<sup>1</sup>, А. М. Есдаулетова<sup>2</sup>**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*  
(E: mail: <sup>1</sup> *airken57@mail.ru*, <sup>2</sup> *esdauletova\_am@enu.kz*)

### **Новые тенденции взаимодействия медиа изданий с аудиторией**

**Аннотация.** Информационно-коммуникационные технологии изменили формат изданий СМИ. В виду сокращения изданий печатных изданий, телевидения и радиовещания остро проявляется проблема увеличения тиражирования и сохранения целевой аудитории. В статье авторы предприняли попытку изучения новых тенденций в работе массовых изданий, а именно, взаимодействия с читателями и зрителями. Аудитория становится более требовательной и непостоянной. Люди имеют огромный выбор СМИ. Наиболее актуальными становятся использование изучение собственной аудитории, ее предпочтений и интересов, предпочтительное время выпуска издания, мониторинг. Более того, редакторские коллективы применяют различного рода рекламу и подарочные бонусы. В последнее время используется пришедшее из мира бизнеса и научной среды, так называемая инфографика. Эти тенденции способствуют изменению формата издания и изменению отношений между редакцией СМИ и их потребителями.

**Ключевые слова:** целевая аудитория, Интернет, медиаорганизации, конкуренция, реклама, инфографика.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-127-2-26-35>**

**Введение.** Наступивший двадцать первый век привнес новые направления деятельности медиа изданий с целевой аудиторией. Стремительное развитие информационно-коммуникационных технологий способствовали снижению объемов выпуска печатных изданий. За последние 10 лет аудитория печатной прессы резко сократилась. Такая же тенденция преследует и радиовещательные СМИ. На настоящий момент имеет место и снижение интереса к телевидению. На их место приходит вездесущий Интернет, который заполнил виртуальное пространство и заставил миллионы потребителей уйти в мир электронных гаджетов. Для того чтобы привлечь внимание читательской и зрительской аудитории, изданиям массовой информации, необходимо применять более современные и гибкие методы работы со своей целевой аудиторией. В данной статье ставится цель изучить сущность и особенности функционирования аудитории СМИ в условиях современности. Для достижения цели следует решить следующие задачи: рассмотреть историю и современное состояние исследования аудитории средствами массовой коммуникации, приемы и методы, используемые зарубежными и отечественными редакциями в условиях интернетизации и конвергенции. В конце статьи авторы приводят свои выводы.

Новостные издания, в особенности газеты, создавались для того, чтобы работать с массовым читателем. Главной их целью было формирование как можно более широкой аудитории для того, чтобы ознакомить с интересными и злободневными темами дня. В условиях, когда медиа издания ориентированы на потребителей, оплата за цифровой контент становится, по большей мере, частью бизнес-модели, где издатели должны больше сосредотачиваться на потребностях индивидуальных пользователей и их желания. Новая цель состоит в том, чтобы компании поддерживали активное участие ориентированных групп лояльных пользователей. Специализация превращается в единственный путь для этого. Медиа организации функционируют в мультимедийной среде, основная часть аудитории которой пользуется Интернетом. Причем самой острой проблемой взаимоотношений с аудиторией цифровой среды становится то, что она куда более текуча, подвижна и куда менее

лояльна, чем аудитория бумажных изданий — перейти к другому источнику информации можно в один клик, соответственно аудитория цифровой среды потребляет медийный контент через множество каналов. Под аудиторией, перешедшей в цифровую среду, все больше понимаются не люди, а трафик, погоня за расширением которого снижает нравственные цензы и качество контента. Аудитория цифровой среды менее настроена на платежеспособность, так как в массе своей привыкла получать электронный контент бесплатно [1]. Такие структурные преобразования требуют детального изучения сущности и особенностей функционирования аудитории СМИ.

Особенно активно исследуют данные вопросы как российские исследователи, так и западные ученые и журналисты – издатели печатных и телевещательных изданий и радио. На конференции, которая прошла в штате Аризона, США, в 2013 году, приняли участие руководители ведущих медиа изданий. Рашел Мерси (Rachel Davis Mersey) во время данной конференции «Рост аудитории, развитие вашего бизнеса» Института прессы отметила что, если читатели традиционно давали газете возможность 6-7 раз выпускать очередной номер, то сейчас ситуация кардинально изменилась. Люди живут в окружении огромного количества источников новостной информации, конкурирующих между собой. Неудивительно, что они теперь дают газете только один или два шанса, чтобы утвердиться и выделиться среди множества других изданий [2].

Существуют также биологические причины не распространять новости «общего интереса» и не стараться быть «всеми для всех». Человеческий мозг может следить за развитием событий только по двум-трем сложным направлениям за один раз. Мерси сказала, что люди могут наблюдать за двумя - тремя вещами, за которыми они следуют, в зависимости от жизненных обстоятельств. У людей есть способность сохранять ограниченные порции информации. Это стало важной новостью для редакторов и причиной, по которой редакции должны внимательно следить за конкретными интересами и темами.

Количество источников информации, которые потребители должны выбирать, может быть действительно огромным. Концепция «Парадокса выбора» объясняет, что люди, сталкивающиеся с слишком большим количеством вариантов, могут быть парализованы. Когда это происходит, люди полагаются на привычки или используют свои социальные сети для упрощения своих возможностей. Принятая фраза «Один размер» подходит всем, применяемая в текстильной отрасли, не срабатывает в медиа пространстве. Здесь «один размер» не подходит никому. Подходы общего характера, когда газеты пытаются обратиться ко всем, в конечном итоге обращаются ни к кому конкретно.

В Republic Media, издательстве штата Аризона, подчеркивают, что цель - не стать общим источником новостей. Необходимо оригинальное содержание, созданное персоналом, в качестве отличительного. В цифровом мире есть место для многих различных медиакомпаний, если они предоставляют различные ценности. «Многие вещи могут жить, если они сосредоточены на определенной нише на рынке», - сказала Р.Д. Мерси.

Необходимо найти свою нишу на рынке и целевые сегменты по таким параметрам как по время суток, платформа и актуальные интересы. Газеты уже давно сегментировали свою печатную продукцию по разделам. В цифровом контексте сегментирование может быть более сложным. Мерси привела пример местной телестанции, которая конкурировала с ее веб-трафиком в обеденное время. Руководствуясь предпочтениями телезрителей, руководители станций обычно видели, что новости в полдень является менее ценным блоком по времени, чем на веб-сайте.

Но затем они приступили к исследованиям, чтобы выяснить, чего хотят зрители в полдень: новости, рассказанные утром, что приготовить на ужин (особенно ингредиенты, которые можно было закупить по дороге домой) и какая –нибудь развлекательная история. В результате станция создала новый продукт под названием Lunchbox (ланч-бокс). Его

функции были простыми - четыре или пять обновлений от утренних новостей, легкая история и купон со скидкой на ужин в этот вечер. Lunchbox более чем в четыре раза увеличил трафик во временном интервале и принес новый доход. Этот пример иллюстрирует способность мыслить о рынке по-новому и создавать продукт с целями, которые необходимо учитывать.

Рэнди Лавлей говорит об определении тем, которыми его аудитория увлечена. Его редакция стремится найти правильный баланс между жесткой нелицеприятной журналистикой и той журналистикой, которая захватывает человеческие чувства. При этом ключевым является «фокус» и специализация. При этом, по его словам, роли журналистов изменились. Больше не будет желаемого подхода, чтобы иметь возможность рассказывать любую историю или любую тему. Доверие аудитории заключается в том, что журналиста рассматривают как эксперта по рассматриваемой теме статьи или интервью. Переориентация контента и извлечение прибыли из того, что может сделать лучше, чем кто-либо другой, были критически важными, говорит Курт Кэйвуд (Kurt Caywood) из Таймс-Юнион (штата Флорида). У газеты теперь есть два веб-сайта - бесплатный, и платный сайт, на котором представлено от 8 до 12 наименований премиум-контента, который является уникальным и привлекательным [3].

По словам Кейвуда, газете пришлось сократить некоторые виды освещения, чтобы лучше сосредоточиться на премиум - контенте. Например, когда-то он был репортером музыки на полную ставку. Но поскольку музыка не является основной темой для рынка или аудитории, она была уменьшена в пользу укрепления исследовательской работы. Каждый человек играет роль в маркетинге контента, а не только в отделе маркетинга. Кэйвуд говорит, что организации средств массовой информации часто делают огромную и тяжелую работу по информированию общественности о своих действиях и актуальности своей работы. Но теперь издания имеют повышенный акцент на маркетинговый контент и объяснение его ценности для читателей. Выступавшие на семинаре API были согласны с тем, что публикации статей не будут побуждать пользователей (то есть, читателей и слушателей) читать и делиться ими, если не будет преднамеренных усилий в этом направлении. И ответственность ложится не только на специализированный отдел маркетинга, тем более, что новостные организации сокращают штат сотрудников по исследованиям и маркетингу. «Нам нужно лучше рекламировать себя», - сказал Кристоферсон из Republic Media. «У каждого есть своя роль. Это - серьезная стратегия по созданию своей платформы читательской аудитории». Например, Аризонская республика предпринимает конкретные шаги, чтобы указывать на контент для читателей различными способами. Они начали использовать функцию «Best of the Best», которая распространяется среди подписчиков по электронной почте, на главной странице электронного издания и в печатном виде. «Лучшие из лучших» привлекает внимание читателей к историческим достопримечательностям и ценностям искусства, которые читатель, возможно, не заметил. Точно так же каждый месяц газета Republic Media (Медиа Республика) обращает внимание читателей на те статьи, которые они, возможно, пропустили за прошлый месяц, а именно, на отличный рассказ, эксклюзивное интервью и другие события [4].

Специалисты в области медиа маркетинга уверены в том, что необходимо проводить исследование своей аудитории. Так редакция газеты «Штат Аризона» делится на команды. Существует девять различных направлений контента и шесть различных платформ. Это означает, что специалистам платформы поручено освоить платформу, на которую они назначены, например, понять, что лучше всего работает для увеличения числа аудитории. «Штат Аризона» является основным сторонником использования исследований для понимания своей аудитории и создания лучших новостей. Кристоферсон объяснила, что ее команда смотрит на аудиторию в трех измерениях - их возраст, текущие условия их жизни и

общий опыт, который они пережили со сверстниками. Затем они используют первичные и вторичные исследования для создания групп пользователей, изучения их поведения и предпочтений и создания на их основе медийных «продуктов».

Каждый год, по словам Кристоферсона, газета будет проводить 50 исследовательских секций вместе с пользователями, которые подписались для предоставления отзывов и информации. «Если вы понимаете их поведение, условия проживания, то получите полную картину», - сказала она.

Для увеличения объемов тиражирования не стоит пренебрегать и представляемыми возможностями новейших информационных технологий (IT). Так, использование роботов в подготовке и размещении новостного контента позволит расширить аудиторию СМИ. Хакимова А. В. отмечает, что «The New York Times» публикует на сайте более 300 материалов, а в социальные сети попадает около 50. Чтобы отбирать статьи для публикации, используется робот Blossom. Журналист спрашивает «Blossom, Facebook?», и робот советует материал для публикации; анализирует, как люди реагируют на статьи и постоянно самообучается. Предварительные результаты показывают, что материалы, которые Blossom отбирал для публикации, собирают на 120% больше кликов [5]. Печатным СМИ увеличить свою аудиторию помогают и бонусы к их продукции в виде небольших подарков. Многие женские журналы делают вкладыши в нескольких выпусках номера в году, что привлекает потребителя, так как в этом случае используется сразу несколько способов привлечения аудитории: приятное дополнение к любимому журналу; «интрига», так как покупатели не знают, какой именно подарок находится в следующем номере издания.

Примечательной особенностью не только электронных информационных, но и печатных и телевизионных изданий стало внедрение инфографики. Изначально она была использована для бизнеса и в экономических организациях. Но в последние годы инфографика превратилась в средство массовой коммуникации. Она предназначена для охвата более широкой аудитории путем упрощения сложных предметов и организации их в удобном для усвоения формате, в отличие от других типов визуализаций. Из-за своей простоты и убедительного повествования она приобрела большую популярность.


Инфографика минимально использует текст и может быть мощным инструментом для отображения данных, объяснения концепций, упрощения презентаций, сопоставления отношений, отображения тенденций и предоставления основных идей. Использование убедительных изображений на инфографике может сделать абстрактную идею намного проще для понимания (отсюда популярность инфографики в маркетинге и обучении). Инфографика упрощает большие базы данных, обеспечивая представление высокого уровня и упрощая их восприятие с первого взгляда. Они помогают передавать данные.

**Инфографика имеет несколько видов.** Они классифицируются на основе назначения, типов используемых объектов и потока информации.


Информационная инфографика (Informational Infographic) отличается более высоким использованием текста по сравнению с другими видами. Графика может быть улучшена значками, формами, цветами и другими визуальными элементами, но в целом акцент делается на словах.




Инфографика хронологии (Timeline Infographic). Инфографика хронологии изображает события или действия в хронологическом порядке. Они часто используются для того чтобы продемонстрировать развитие продукта, исторической тенденции или эволюции идеи. Timeline infographic использует значки, изображения и графические элементы, чтобы отобразить основное направление развития и динамики.




Графики (Charts Infographic) В такой инфографике в качестве центра визуализации информации используется диаграмма. Цвета, формы и значки могут быть добавлены для акцента и/или объяснения. Графики работают лучше всего при выполнении базового сравнения элементов. К примеру, инфографика на диаграммах будет уместна, когда сравнивается число студентов в различных университетах, число подписчиков в Твиттере, счета в различных баскетбольных командах или население в некоторых городах.



Круговые диаграммы инфографики (Pie Charts Infographic). Инфографика круговых диаграмм - это та, где объектом фокусировки является круговая диаграмма. Круговые диаграммы отлично подходят для отображения различных компонентов элемента или сравнения одного значения с несколькими другими значениями.



Инфографика процесса (Process Infographic). Инфографика процесса также называется «деревьями решений» или блок-схемами. Каждый шаг связан с следующим с помощью линий и стрелок.



Сравнительная инфографика (Comparison Infographic). Сравнительная инфографика исследует сходства и различия между двумя или более продуктами, местоположениями, событиями, действиями, идеями или людьми.



Числовая инфографика (Number Infographic) узнаваема по акценту на числах [6].





Почему инфографика становится модной в газетах? Визуально выглядит более привлекательно. Инфографика может показать то, что фотография не может передать. Увидев где-то когда-то прилично сделанную инфографику, любой редактор понимает, что это лучше, чем писать текст. Она рассказывает историю интереснее и понятнее, чем даже хорошо написанный текст. Инфографика помогает выделиться среди массы информации и новостей. Инфографика позволяет читателю фильтровать интересующую информацию на странице [7].

Существуют два противоположных подхода к дизайну инфографики, расходящиеся в вопросах значимости для инфографики эстетики и украшений. За одним из них, исследовательским (англ. Explorative), берущим начало в вековой традиции проектирования научных работ, выступает Эдвард Тафт (Edward Taft), автор нескольких фундаментальных работ по информационному дизайну. Он выступает за минималистский характер инфографики, в которой все несущественное для передачи информации должно быть опущено, а сама информация должна передаваться как можно точнее. Основная цель такого подхода - стремление донести информацию до целевой аудитории. Такой подход обоснован в научной работе, анализе данных, бизнес-аналитике. Другой подход, сюжет, повествование (англ. Повествование) свойственно Найджелу Холмсу (Nigel Holmes), наиболее известному своими иллюстрациями редакционных колонок во времени с 1978 по 1994 год, которые он назвал интерпретацией [8] - "пояснительные иллюстрации". Такому подходу присуще стремление создать привлекательные для читателя образы, выразительный дизайн, иллюстративный. Это не просто информация, но и развлечение для читателя. Сферой применения данного подхода можно считать журналистику, блоги, маркетинг и рекламные материалы. Таким образом, исследовательский подход предполагает извлечение читателем необходимой информации, в то время как повествование уже содержит вывод, к которому читатель должен прийти [9].

На основе приведенных фактов, возможно констатировать, что медиа издания изменяют методы взаимодействия с целевой аудиторией. Исследователи видят ценность изучения пользователей (читателей и зрителей) и рыночных условий. Они отмечают, что просто слишком рискованно строить медиа - бизнес без учета спецификации. Таким образом, век информационных технологий и современных коммуникаций диктует новые, более высокие требования к изданиям газет и журналов. Необходимо тесное сотрудничество с читательской аудиторией и тщательное изучение ее интересов, опыта и потребностей. Вместе с тем, следует находить более разнообразные подходы и релевантные условиям распространения ИКТ формы выпуска газет, их электронных версий и контента.

### Список литературы

- 1 Бирюков В.А., Ливсон М.В. Аудитория средств массовой информации как ключевой фактор стратегии развития медиабизнеса в экономике внимания // Известия высших учебных заведений. Проблемы полиграфии и издательского дела. — 2015. — № 1. — С. 103–109.
- 2 10 tips for understanding your audiences and targeting new ones DENA LEVITZ. [Электронный ресурс] – URL: <https://www.americanpressinstitute.org/publications/reports/white-papers/10-tips-understanding-audiences-targeting-new-ones/> July 23, 2013 (Дата обращения: 10.04.2019 )
- 3 Capital-Journal’s Kurt Caywood takes Florida Times-Union gig. [Электронный ресурс] – URL: <https://mediakc.wordpress.com/2012/05/31/capital-journals-kurt-caywood-takes-florida-times-union-gig/> MAY 31, 2012 (Дата обращения: 10.04.2019 )
- 4 Brooke Christofferson [Электронный ресурс] – URL: <https://www.americanpressinstitute.org/publications/reports/white-papers/10-tips-understanding-audiences-targeting-new-ones/> (Дата обращения: 10.04.2019 )

- 5 Хакимова А. В. Инновационные способы привлечения аудитории средств массовой информации с целью монетизации стоимости медиабизнеса. // Вестник Московского государственного университета печати им. Ивана Федорова. - 2016. - №2. - 136 с.
- 6 Informational Infographic [Электронный ресурс] – URL: <https://icons8.com/articles/what-is-an-infographic/> (Дата обращения: 10.04.2019 )
- 7 Коньков А. Газетный дизайн. Инфографика в газете [Электронный ресурс] – URL: <http://bestapp.menu/gazetnyj-dizajn-infografika-v-gazete/2013> (Дата обращения: 10.04.2019 )
- 8 Wordless Diagrams': Explaining the Everyday [Электронный ресурс] – URL: <https://www.npr.org/templates/story/story.php?storyId=4581957> (Дата обращения: 10.04.2019 )
- 9 Lankow, Ritchie, Crooks, 2012, Varied Perspectives on Information Design: A Brief History.

**A.O. Yesdauletov, A.M. Yesdauletova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **New trends in the interaction of media publications with the audience**

**Abstrakt.** Information and communication technologies have changed the format of media publications. In view of the reduction of publications in print, television and radio broadcasting, the problem of increasing replication and maintaining the target audience is acute. In the article, the authors attempted to explore new trends in the work of mass publications, namely, interaction with readers and viewers. The audience becomes more demanding and impermanent. People have a huge selection of media. The most relevant are the use of the study of its own audience, its preferences and interests, the preferred time of publication, monitoring. Moreover, editorial teams use various kinds of advertising and gift bonuses. Recently, the so-called infographics, which came from the world of business and the scientific environment, have been used. These trends contribute to changing the format of the publication and changing the relationship between the editors of the media and their consumers.

**Keywords:** target audience, Internet, media organizations, competition, advertising, infographics.

**А.О. Есдаулетов, А.М. Есдаулетова**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нур-Султан, Қазақстан*

### **Бұқаралық ақпарат құралының аудиториямен өзара іс-қимылындағы жаңа үрдістер**

**Аңдатпа.** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты медиа басылымдардың форматы өзгеріске ұшырауда. Баспасөз, теледидар және радиохабарларында нарық кезінде аудиторияны көбейту мәселесі өзекті болып тұр. Мақалада авторлар бұқаралық ақпарат құралдарының заманауи даму үрдістерін зерттеуге, атап айтқанда, оқырмандар, тыңдаушылар, көрермендер мен жаңа тәсілде жұмыс жасау, аудиторияның талабын білу жолдарын іздестіру және тұтынушыларының таңдауына ие болу. Ең өзекті болып табылатыны теледидар, радио, баспасөз, интернет редакциялар өз аудиториясын зерттеп, оның артықшылықтары, мүдделері мен қажеттіліктерін, жариялауға қолайлы уақытын анықтауға мониторинг жасай білу. Сонымен қоса редакциялық топтардың түрлі жарнамалық және сыйлық бонустарын, жақында бизнес әлемі мен ғылыми ортадан келген инфографиканы пайдалану жолдары қарастырылады. Ең маңыздысы БАҚ редакциялары мен тұтынушылары арасындағы байланысын күшейтуге ықпал ететін жолдарын қарастыру.

**Түйін сөздер:** мақсатты аудитория, интернет, БАҚ, бәсекелестік, жарнама, инфографика.

## References

- 1 Biryakova V.A., Livson M.V. Auditorija sredstv massovoj informacii kak kljuchevoj faktor strategii razvitija mediabiznesa v jekonomike vnimanija [Audience of mass media as a key factor of the strategy of development of media industry in attention economy], Izvestija vysshih uchebnyh zavedenij [News of higher educational institutions], Problemy poligrafii i izdatel'skogo dela [Problems of polygraphy and publishing], (1), 103-109 (2015).
- 2 10 tips for understanding your audiences and targeting new ones DENA LEVITZ. [Electronic resource] Available at: <https://www.americanpressinstitute.org/publications/reports/white-papers/10-tips-understanding-audiences-targeting-new-ones/> July 23, 2013 (Accessed: 10.04.2019) [in Russian]
- 3 Capital-Journal's Kurt Caywood takes Florida Times-Union gig. [Electronic resource] Available at: <https://mediakc.wordpress.com/2012/05/31/capital-journals-kurt-caywood-takes-florida-times-union-gig/> MAY 31, 2012 (Accessed: 10.04.2019) [in Russian]
- 4 Brooke Christofferson [Electronic version] Available at: <https://www.americanpressinstitute.org/publications/reports/white-papers/10-tips-understanding-audiences-targeting-new-ones/> (Accessed: 10.04.2019) [in Russian]
- 5 Hakimova A.V. Innovacionnye sposoby privlechenija auditorii sredstv massovoj informacii s cel'ju monetizacii stoimosti mediabiznesa [Innovative ways of involvement of audience of mass media for the purpose of monetization of cost of media industry], Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta pechati im. Ivana Fedorova [Bulletin of Moscow State University of the press of Ivan Fedorov], (2), 136 (2016).
- 6 Informational Infographic [Electronic version] Available at: <https://icons8.com/articles/what-is-an-infographic> (Accessed: 10.04.2019)
- 7 Konkov A. Gazetnyj dizajn. Infografika v gazete [Newspaper design. Infographics in the newspaper], [Electronic resource] Available at: <http://bestapp.menu/gazetnyj-dizajn-infografika-v-gazete> 2013 (Accessed: 10.04.2019) [in Russian]
- 8 Wordless Diagrams': Explaining the Everyday [Electronic resource] Available at: <https://www.npr.org/templates/story/story.php?storyId=4581957> (Accessed: 10.04.2019)
- 9 Lankow, Ritchie, Crooks, 2012, Varied Perspectives on Information Design: A Brief History.

### Сведения об авторах:

*Есдаулетов А.О.* - к.ф.н., заведующий кафедрой печати и издательского дела Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Есдаулетова А.М.* – д.и.н., профессор кафедры международных отношений Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Yesdauletov A.O.* – c.fil.s, head of the Department of printing and publishing of the L.N. Gumilyov Eurasian national University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

*Yesdauletova A.M.* – d.h.s., Professor of the Department of international relations of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

XFTAP 19.01.11

**Л.Т. Қожахметова**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*  
(E-mail: [abina76@mail.ru](mailto:abina76@mail.ru))

### **Қазақ баспасөзін цифрландыру барысында кездескен проблемалар**

**Андатпа.** Өзекті мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын талқылайтын еркін баспасөз - дамыған қоғамның, мемлекеттің ажырамас бөлігі. Қазақстандық баспасөзге цифрлық технологиялардың енгізілуі гаджет қолданатын жаңа аудиторияның назарын аудару үшін ғана емес, бизнестің барлық түрінің де интернетке көшуі себеп болды. Жаңа медианың дамуы оқырмандардың үлкен сеніміне ие болды. Еркін ойлар мен тәуелсіз пікірлер басылым беттерінен сайттарға, блогтар мен әлеуметтік желілерге көшті.

- 13 Sinel'nikova L.N. Liricheskiy syuzhet v yazykovykh kharakteristikakh: monografiya [Lyrical plot in linguistic characteristics: monograph], (Knowledge, Lugansk, 1993, 188 p.). [in Russian]
- 14 Pivoyev V.M. Ironiya kak esteticheskaya kategoriya [Irony as an aesthetic category], Philosophical Sciences, 1982. (4), 461 p.). [in Russian]

#### **Сведения об авторе:**

**Курьянович А.В.** - доктор филологических наук, профессор, заведующая кафедрой теории языка и методики обучения русскому языку, ФГБОУ ВО «Томский государственный педагогический университет», 634057, Томск, Россия.

**Kuryanovich A.V.** - Doctor of Philology, Professor, Head of the Department of Theory of Language and Methods of Teaching the Russian Language, Tomsk State Pedagogical University, 634057, Tomsk, Russia.

FTAMP 19.51.09

**Н.Ж. Көшкенов<sup>1</sup>, Қ.Ө. Сақ<sup>2</sup>.**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup>n.zhenis@gmail.com, <sup>2</sup>kaisak1964@yandex.kz)

### **Медиатизация – қоғам мен мәдениет трансформациясының қозғаушы күші**

**Андатпа.** Жаһандану, дәстүрлердің жойылуы, глокализация, детерриторизация, даралану (индивидуализация), медиатизация тәрізді ұғымдар қазіргі қоғамда мәдениет пен коммуникацияны өзгертуші әлеуметтік үдеріс ретінде трендке айналууда. Мақалада авторлар медиатизация терминіне кеңінен тоқталып, осы теорияға жан-жақты түсінік береді. Сондай-ақ, медиатизацияны қоғамдағы әлеуметтік және мәдени дәстүрлердегі өзгерістердің негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылады.

**Түйін сөздер:** медиатизация, медиа, медиалогика, медиация, әлеуметтік кеңістік, мәдениет, дәстүр, жаһандану.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-127-2-78-83>**

**Кіріспе.** Канадалық әлеуметтанушы Маршалл Маклюэн айтқандай, біз бүгін медианың хаосты, шексіз, тым көп болғандығынан «ақпараттық жарылыс» заманында өмір сүріп жатырмыз. Бұқаралық коммуникация жүйелері күннен-күнге ұлғайып, өмірімізге дендеп еніп, қоғамымыздың барлық салаларында орын алууда. Адамдардың өмір сүру салты, күнделікті әдеттері өзгеріп, медианың құрсауына кіруде. Үлкен смарт-қалалар, «ақылды үйлер мен көшелерден» бастап, шалғай ауылдардағы малдарды дронмен бағу, малдардың құлақтарына GPS сырға тағып, сартфонмен бақылауға дейін жетудеміз. Осындай үдерістер тұрақты дамып, әлемді медиатизациялауда.

Қазіргі кезде осы медиатизация терминінің танымалдығы арта түсуде. Мысалы, Google Академия (Google Scholar) ғылыми жарияланымдарды іздеу жүйесінде «Mediatization» сөзі бойынша 1990-2005 жылдар аралығында тек 1620 жауап табылса, 2005-2019 аралығында 16 100 жауап табылды. Ал Google, Яндекс тәрізді жалпы іздеу жүйелерінде осы терминге қатысты 400 мыңнан 500 мыңға жуық жауап бар. Дегенмен де, олардың кейбіреулері жоғарыда айтылған тарихи мағынасында қолданылған.

**Мәселе қою. Зерттеудің негізгі мәселесі:** қазіргі медиа зерттеулері саласындағы негізгі үдерістердің бірі, батыс елдерінде кеңінен танымал «медиатизация теориясы» терминін қазақстандық ғылыми қауымдастыққа оның қоғам мен мәдениетке әсерін зерделеу арқылы таныта түсу және анықтамасына тереңірек үңілу.

Қазіргі кездегі ғылыми әдебиетте «медиатизация» терминін (ағыл. Mediatization) түсіндіру үшін, елеулі сәйкессіздіктердің болуын ескере отырып, біржақты және қарама-қайшы әлеуметтік-мәдени процестердің әртүрлі болжамдарын қарастыру қажет. Жалпы, медиатизация бір жағынан алғанда медиа мен коммуникацияда, екінші жағынан мәдениет пен қоғамда болып жатқан өзгерістер арасындағы байланыстарды сыни түрде талдау [1, 14 б.].

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Осы жұмыстың әдістемелік негізі –медиатизация идеясының қоғам мен мәдениетке қатыстын медиа саласы арқылы зерттеу. Материалды талдаудың негізгі әдісі – салыстыру және тарихи-сыни тәсілді қолдану.

**Нәтижелері және талқылау.** Бастапқыда «медиатизация» сөзінің бұқаралық ақпарат құралдары немесе журналистік практикамен ешқандай байланысы болған жоқ. Бұл терминді негізінен тарихшылар корольдік, патшалық және империялық әулеттердің билік иерархиясын қайта құру үдерістерінде вассалдық қатынастарды қайта қалыптастырудың арнайы тәсілдерін сипаттау үшін пайдаланды. Басқаша айтқанда, жер аумақтарын императорға ірі феодалдар арқылы бағындыру (медиатизация) үдерісін [2] білдірді.

Медиатизация теориясының дамуына америкалық социологтар Д. Элтхейд пен Р. Сноу ерекше үлес қосты. Олар «медиа арқылы трансформацияланған әлеуметтік институттарды талдауды» ұсынып, ғылымға «медиадиалогика» терминін енгізді.

Ал, даниялық медиа зерттеуші С. Хьярвард медиатизация теориясының екі ерекшелігін өз түсінігі бойынша айтты. Біріншісі – медиа жария кеңістік құрудың құралы, әрі оның аясында әлеуметтік институттар өздерінің заңдылығын бекітеді. Екінші ерекшелігі, медиатизация әмбебап үдеріс емес. Медиатизация түсінігі өткен ғасырдың соңында Интернет-технологиялардың дамуы арқасында Батыс қоғамдарында қалыптасқан нақты тарихи жағдайға қатысты қолданылды: цифрлық медиа тез арада институттандырудан өтті және басқа да әлеуметтік институттарға елеулі әсерін тигізе бастады [3, 105–134б]. Осылайша, С.Хьярвард медиатизацияны қоғамның медиаға көбірек тәуелді болып келе жатқан жүйелік үдерісі ретінде түсінеді, ал әлеуметтік институттар медиадиалогиканың әсерінен трансформацияға ұшырайды.

Өткен ғасырдың соңында, дәлірек айтқанда 1990 жылдан бастап «медиатизация» түсінігі медиа-коммуникация саласында Еуропаның солтүстігі мен орталығына тарала бастады. Дж. Томпсон (J.V. Thompson) 1995 жылы масс медиа құралдары арқылы «мәдениетті медиатизациялау» («mediatization of culture» by means of mass media) түсінігін енгізген [4, 55 б.].

Медиатизация терминін қазақ тілінде қолдану ерекшелігі. Медиа саласында алғашында медиатизация БАҚ-тың әсер ету аясына неғұрлым көбірек индивидтерді тарту үдерісі ретінде танылды. Сондай-ақ, бұл термин «медиа» коммуникация құралдары – радио, теледидар, газеттер, журналдар, түрлі мерзімді және өзге де баспа және электрондық басылымдар, соның ішінде блогтар, чаттар және т.б. қатысты қарастырылды [5, 121-132 б.]. Ал «медиа» сөзі «бұқаралық ақпарат құралдары» түсінігінің орнына қолданыла бастады. Осылайша, «медиа» және «БАҚ» түсінігі бірдей мағына берген кезде, медиатизация термині әлемде болып жатқан оқиғалар туралы ақпараттарды іздеу, өңдеу және таратуды білдірді.

Бұл терминнің атауына байланысты пікірталас туындап жатады (Lundby, 2009; Hjarvard, 2004; Meyen, 2009; Schulz, 2004; Krotz, 2007; Nepp, 2011, 2014): неге медиация, медиатизация, медиализация емес? Дегенмен де, кейбір ғалымдар «медиатизация» трансформацияларын білдіру үшін «медиация» терминін қолданады (Silverstone, 2007; Couldry, 2008). Алайда, ресейлік социолог-ғалым Е.Г. Нимнің айтуынша бұл түсініктер мағынасы бойынша жақын, бірақ дәлме-дәл емес. Медиацияны медиум (жекелеген бұқаралық ақпарат құралдары) көмегі арқылы байланысқа түсу ретінде түсінуге болады; медиация нәтижесінде әлеуметтік және табиғи феномендерге тікелей емес, медиа құралы арқылы ұсынылатын бейнелер мен баяндаулар жасалады және жеткізіледі. Медиатизация – әлеуметтік тәжірибелер мен өзара әрекеттесудің мазмұны мен формасын медиация анықтайтын негізгі процесс [6, 8–25 б.]. Басқаша айтқанда, медиация коммуникация арқылы жасалатын кез келген іс-әрекет, ал, медиатизация ұзақ уақыт бойы жинақталған (кумулятивтік) үдеріс. Сондай-ақ, медиация сөзі Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде кеңінен танымал: дау-дамайды үшінші бір бейтарап тұлғаның араласуымен реттеуді айтады. Құқық саласында медиация тұрақты терминге айналған.

Сол себепті, медиа және коммуникация саласында медиация терминімен салыстырғанда, қазір медиатизация терминін қолданған дұрыс. Ал кейінірек латын әліпбиіне толық көшкеннен кейін «mediatization» деп те айтуға болатын шығар. Өйткені, бұл термин қазақшаға Ресейден орыс тілі арқылы емес, Еуропадан ағылшын тілі арқылы келуде. Қазіргі қазақ тілі грамматикасында «-ция» жұрнағы бар да, «-tion» жұрнағы әзірше жоқ. Әрі, медиатизация теориясын ғылымға енгізген батыс елдерінде бұл ұғымды mediatization /медиатизейшн/ деп айту қалыптасқан. Ал, «медиадану» деп қазақша атар болсақ, түпкі *mediatization* /медиауизейшн/ терминінен формасы мен мағынасы алшақтап кетеді.

Медиатизация ұғымының қоғам мен мәдениеттегі орны. Кейбір ғалымдардың айтуынша медиа қазіргі кезде тек ақпаратты жеткізу технологиясы ретіндегі «делдал» ғана емес, сондай-ақ ол мәдени кодтар жасалатын және эстетикалық пішін алып, тасымалданатын үлкен бір ортаға айналды [7, 22 б]. Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдары кез келген ұйым тәрізді өнім өндіреді, алайда ол өнімдер тұрмыстық емес – символикалық мәні бар құндылықтар. Сол себепті қазіргі кезде медиа тек халықты ақпараттандыру құралы ғана емес, қалың бұқараның санасына әсер ете алатын, мәдениеттің семиотикалық кеңістігін қайта қалыптастырушы символикалық құндылықтардың күшті құралы [8, 6 б.].

Медианың символдармен, белгілермен байланысын ескере отырып, мәдениетке қатыстылығын айтуға болады. Ежелгі замандардағы петроглифтер, Орхон-Енисей жазбалары, Есік, Үржардан табылып жатқан «алтын адамдардағы» таңбалардан бастап, кейінгі кездегі кітаптар мен уағыздар, театрлық қойылымдар мен карнавалдар, парадтар мәдениеттің символдық шынайылығын көрсетті. Ал соңғы кездегі интернет, радио мен теледидар тәрізді бұқаралық коммуникация технологияларының дамуы заманында символдық шынайылықты бүкіл ғаламшар халқы тұтынуда.

Жаппай халықтың санасын қалыптастыру мен өзгертуде медианың атқаратын қызметін зерттеуге көптеген ғалымдар қызығушылық танытуда. Мысалы, Германияның Бремен университетіндегі ZeMKI (Медиа, Коммуникация және ақпараттық зерттеулер орталығы) Медиа мәдениет және коммуникация теориясының арнайы саласының медиа және коммуникация зерттеулері профессоры Андреас Хепп медиатизация туралы былай айтады: «бір дәйек таң қалдырады: БАҚ-тың барлық қоғамдық және мәдени салаларда өзекті бола түсуі себебінен медиатизацияға деген қызығушылық артуда [9, 1 б.]».

Бұқара халық санасын қалыптастыру мен трансформациялауда медианың рөлі пәнаралық зерттеу нысанына айналғанын ХХ ғасырдың бірінші жартысында Г. Маклюэн, А. Моль, Э. Бернейс, Дж. Клэппер, Г. Лассуэл тәрізді көптеген көрнекті ғалымдар айқан болатын. Олар біраз мәселелердің бетін ашты. Мысалы, У. Липпман «қоғамдық пікір қалыптастыру мен шындықты қабылдаудың тұрақты стереотиптерін қалыптастырушы» десе, Т. Рошак пен Г. Шиллер «бұқара санасының жаппай манипуляциясы және ақпараттық империализм» деді.

Ал сол өткен ғасырдың соңына қарай Ю. Хабермас, Э. Тоффлер, Н. Луман, Ж. Бодрийяр, М. Кастельс, Д. Бенигер, П. Лазарсфельд және т.б. еңбектерінде медиатизация жаһандануға апаратын әлеуметтік-мәдени тренд деп айтылды. Олардың айтуынша медиатизация ақпаратты жеткізу технологиясымен ерекшеленбейді, ол медианың қоғамда атқаратын қызметімен ерекшеленеді. Алайда, технология медиа қызметінде тек технологиялық жаңашылдықтардың арқасында интернет және соған байланысты жүйелік құрылымдардың дамуы кезінде ақпарат таратушы көз бен алушы адресат арасындағы біржақты емес, өзара интерактивті байланыс орнап, коммуникация принципі өзгерген кезде технология шешуші мәнге ие болады.

Жоғарыда аты аталған ғалымдар медиатизация көрінісі ретінде қазіргі медианың бұрындары халықтан жабық болған әлеуметтік институттардың қызмет салаларының бұқараға ашылуын айтады. Мысалы, мемлекет, құқық, денсаулық сақтау, білім беру салаларының ашылуы. Бүгінгі күн туралы айтар болсақ, ауыл мектебінің мұғалімі де медиа құралдары арқылы «Білім беру туралы» немесе «Мұғалім мәртебесі туралы» заңдарды ашық талқылап, өз пікірін білдіріп, заңға өзгерістер енгізілуіне әсер ете алады. Оқулықтарда кеткен қателіктер, білім саласындағы олқылықтар әр-түрлі медиа арқылы талқыланып, олар туралы үкімет жылдам құлағдар болуда.

Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап спорт медиатизациялана бастады. Спорт шаралары өтіп жатқан кезде жанкүйерлер тікелей эфирден радио арқылы тындап, теледидар арқылы көріп жарысқа қатысып отырғандай әсер алса, қазіргі кезде жанкүйер өзін қызықтыратын спорттық жарысты интернетте таңдап, пікірін білдіріп, спортқа онлайн ақ-



шалай бәс те тіге алады. Спорт комментаторларына қойылатын талаптар да өзгеруде. Олар публикамен, жанкүйерлермен, сарапшылармен онлайн пікір алмасу арқылы байланысқа түсіп, жарыстағы әр-бір сәтті бірлесе талқылай алады. Алайда, кейбір комментаторлар өтіп кеткен жаңалықты тікелей эфирде айтып отыратын кездер болады. Бүгінгі медиатизацияланған заманда көрермен спорт жаңалықтарын, спортшы өмірі туралы мәліметтерді комментатордан да көп білуі мүмкін, әрі қажет болса кез-келген уақытта әр-түрлі жолдармен алуына көптеген мүмкіндік бар.

**Қорытынды.** Жоғарыда айтылғандарды қорытындылар болсақ, мәдениет пен қоғамды қалыптастыруда медиа арқылы қарым-қатынас құрудың маңыздылығы арта түсуіне байланысты медиатизация үдерісін зерттеу де өсе береді. Медиатизацияны зерттеу шеңберінде медиалық және коммуникативтік өзгерістер арасындағы байланыс қана емес, сондай-ақ саясат, жарнама, күнделікті өмір және т.б. әлеуметтік қарым-қатынас құрылымдары мен үдерістерінің дамуы да зерделене береді.

Қазіргі медиа зерттеушілерінің соңғы жұмыстарына назар аударар болсақ, олар медиатизация бойынша медианың сан қилы салаларына көіл бөлуде. Мысалы, бірі медиатизацияның өндіріске әсерін зерттесе, енді бірі күнделікті өмір, адам жадысы, физикалық белсенділік, ақылды үй, терроризм медиатизациясы және т.б. көптеген бағыттарда зерттеулер жүргізуде.

Бүгінгі таңда медиа тек технологиялық платформа ғана емес, әлеуметтік өмір мен қоғамның басқа да институттарына да белсенді түрде ықпал ететін толыққанды институт бола бастады. Күнделікті өмірге медианың араласуының ұлғайғаны соншалық, көптеген қоғамдық үдерістерді медиа компонентсіз елестете алмаймыз. Бұл – қазіргі қоғамның медиатизациялануының көрінісі.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Hepp A., Krotz F. Mediatized worlds - understanding everyday mediatization // Mediatized Worlds. Culture and Society in a Media Age. Basingstoke: Palgrave, 2014. – P 435.
- 2 Брокгауз бен Ефроннің «Энциклопедиялық сөздігі»: Медиатизация. [Электронды ресурс] – URL: <http://www.vehi.net/brokgauz/> (Қарастырған күні: 04.03.2019)
- 3 Hjarvard S. The mediatization of society: A theory of the media as agents of social and cultural change. – NY: Nordicom Review, 2008. – 242 p.
- 4 Thompson J.B. Ideology and Modern Culture. Critical Social Theory in the Era of Mass Communication. Oxford, 1990. – 372 p.
- 5 Воропай Т.С. Медиатизация культуры и литература (опыт сравнительного анализа двух текстов), / Т.С. Воропай, Е.А. Тягло // Ученые записки Таврического национального университета им. В.И. Вернадского. Сер. «Философия. Культурология. Политология. Социология», 2012. – 132 с.
- 6 Ним Е.Г. Исследуя медиатизацию общества: концепт медиатизированных миров // Социологический журнал, 2017. Том 23. № 3. - 125 с.
- 7 Кириллова, Н.Б. Медиакультура: от модерна к постмодерну / Н. Б. Кириллова. - Москва: 2006. – 448 с
- 8 Анохина В.В. Медиатизация как фактор трансформации социальных пространств и метаморфозы культурных традиций. / Анохина - Москва, – С.14.
- 9 Hepp A. Transforming Communications. Media-related Changes in Times of Deep Mediatization. University of Bremen ZeMKI, Zentrum für Medien-, Kommunikations- und Informationsforschung Linzer Str. 4, 28359. - Bremen, Germany. – 2016. - P 122.

**Н.Ж. Кошкенов, Қ.Ө. Сак**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Медиатизация является движущей силой трансформации общества и культуры**

**Аннотация.** Глобализация, разрушение традиций, глокализация, детерриторизация, индивидуализация, медиаизация становятся тенденциями в современном обществе как социальном процессе, который трансформирует культуру и общение. В статье авторы дают введение в термин «медиатизация» и дают полное понимание этой теории. Также медиатизация рассматривается как один из ключевых факторов изменения социальных и культурных традиций в обществе.

**Ключевое слово:** Медиатизация, медиа, медиалогика, медиация, социальное пространство, культура, традиции, глобализация

**N.Zh. Koshkenov, K.O. Sak**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Mediatization is the driving force behind the transformation of society and culture**

**Abstract.** Globalization, the destruction of traditions, glocalization, deterritorialization, individualization, mediaization become trends in modern society as a social process that transforms culture and communication. In the article, the authors give an introduction to the term «mediatization» and give a understanding of this theory. Mediatization is also viewed as one of the key factors for changing social and cultural traditions in society.

**Key words:** Mediatization, media, medialogic, mediation, social space, culture, traditions, globalization.

### **References**

- 1 A.Hepp, F. Krotz. Mediatized worlds - understanding everyday mediatization, Mediatized Worlds. Culture and Society in a Media Age. Basingstoke: Palgrave, 2014. – P 435.
- 2 Brokgawz ben Efronniñ «Énciklopediyalıq sözdigi»: Mediätizaciya [Brockhaus and Ephrond's Encyclopedic Dictionary: Mediation], [Electronic resource] Available at: <http://www.vehi.net/brokgawz/> (Accessed: 10.10,2018) [in Russian]
- 3 Hjarvard S. The mediatization of society: A theory of the media as agents of social and cultural change. (Nordicom Review, NY, 2008, 242 p.).
- 4 Thompson J.B. Ideology and Modern Culture. (Critical Social Theory in the Era of Mass Communication, Oxford, 1990, 372 p.).
- 5 Voropai T.S. Mediätizatsia kultury i literatura (opyt sravnitel'nogo analiza dvuh tekstov) [Media culture and literature (the experience of the comparative analysis of two texts)], Uchenyye zapiski Tavricheskogo natsionalnogo universiteta im V.I. Vernad'skogo. Ser. «Philosophy. Culturology. Political science. Sociology» [Uchenyye zapiski Tavricheskogo national university them. IN AND. Vernad'sky. Ser. «Philosophy. Culturology. Political science», 2012, 132 p.). [in Russian]
- 6 Nim E.G. Issleduiia mediätizatsiu obshestva: Kontsepsiia mediätizirovannyh mirov [Exploring the mediaization of society: the concept of mediaized worlds], (Sociological Journal, 2017, T. 23, (3), 125 p.). [in Russian]

7 Kirillova, N.B. Mediakultura: ot moderna k postmodernu [Media culture: from modern to postmodern], (Moscow, 2006, 448 p.). [in Russian]

8 Anokhina V.V Mediatizatsia kak factor transformatsi sotsialnyh prostranstv i metamorfozy kulturnyh traditsii [Mediatization as a factor in the transformation of social spaces and the metamorphosis of cultural traditions], (Moscow, P. 14.). [in Russian]

9 A.Hepp. Transforming Communications. Media-related Changes in Times of Deep Mediatization. University of Bremen ZeMKI, Zentrum für Medien, Kommunikations- und Informationsforschung Linzer Str. 4, 28359 (Bremen, Germany, 2016, P. 122).

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Кошкенов Н.Ж.** – Журналистика және саясаттану факультетінің магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Сақ Қ.Ө.** – Филология ғылымдарының кандидаты, Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Koshkenov N.Zh.** – PhD student at faculty of Journalism and political science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Sak K.O.** – L.N. Gumilyov Eurasian National University professor, Dean of faculty of Journalism and political science, Nur-Sultan, Kazakhstan.

XFTAP 19.01.07

**М.О. Негізбаева<sup>1</sup>, А.С. Слямова<sup>2</sup>, Ли Жуй<sup>3</sup>**

*Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

(E-mail: <sup>1</sup>marlanonneg@gmail.com, <sup>2</sup>slyamova.a.94@mail.ru, <sup>3</sup>luckyhh310@foxmail.com)

### **Мемлекеттік бағдарламаларды насихаттаудағы жаңа медиа**

**Аңдатпа.** Жаңа Қазақстан идеясын жүзеге асыруда дәстүрлі және азаматтық БАҚ технологиясының анықтамасы зерттеудің объективті қажеттілігі мен өзектілігі болып табылады. Ұлттық сана-сезімнің негізін қалыптастыратын және Қазақстанға өзінің тұрақты, жоғары сапалы және перспективалы бағыттарына жетуге мүмкіндік беретін қоғамдық сананы және рухани және моральдық жаңаруды жаңғырту үшін дәстүрлі және жаңа СМЖ-нің әрі қарай әрекет етуі үшін тиімді жолдарын қарастыру.

Мақаланың мақсаты - жастарды ақпараттандырудағы мемлекеттік тетіктерді интеграциялау жолдарын және олардың жаңа Қазақстанды құру үдерісіне қатысуын көрсету.

Зерттеу жұмысының ғылыми құндылығы мен нәтижелері мемлекеттік ақпараттық саясатты жетілдіру және жаңа медиа ресурстарын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар пакетін қалыптастыру үшін қолданылады.

Зерттеу әдістемесі жалпы ғылыми әдістерді және жеке ғылыми-техникалық әдістерді, сондай-ақ пәнаралық тәсілдерді қоса алғанда, қазіргі заманғы ғылыми білім беру әдістерінің кешенін қолдана отырып жүзеге асырылады.

Тақырыпты талдау барысында сипаттау, бақылау және салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдермен қатар, шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі аксиомаларға сүйенген теориялық әдістер қолданылды.

Ғылыми мақаланың басты нәтижесі – Қазақстандағы дәстүрлі және жаңа БАҚ саласындағы ақпараттық қызметтің Жаңа стратегиясының тұжырымдамасы мен құрылымын анықтау және оның Қазақстанның рухани өсуіне әсер етуі, зерттеудің практикалық маңыздылығын түсінуге арналған.

Бүгінгі күні жаңа және әлеуметтік БАҚ-тардың идеологиялық білім беру және әлеуметтік, мемлекеттік құрылыс салаларында мемлекеттің күш-жігерін қолдау мәселелеріне қызығушылығы төмендейді, ал Қазақстан жастарының басым бөлігі тұрақты көрермендер немесе Жаңа медиа оқырмандары болып табылады.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік медиа, жаңа медиа, мемлекеттік бағдарламалар.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-127-2-84-90>**

**Кіріспе.** Бүгін әлеуметтік және мемлекеттік құрылыс салаларындағы идеологиялық тәрбиелеу және мемлекеттің күш-жігерін қолдау бойынша сұрақтарына жаңа және әлеуметтік медиалардың қызығушылықтарының төмендеуі белгіленіп отыр, ал қазақстандық жастардың басым бөлігі осы жаңа медианың тұрақты көрермені не оқырманы болып табылады.

Қазіргі қазақстандық социумның жағдайы аудиториялардың ақпараттық құштарлығының аса сегменттеуімен сипатталады: орта немесе үлкен жастағы аудитория ТВ және газеттерді қолдануды жалғастырады, жасөспірімдер мен жастар ақпаратты ғаламтор, әлеуметтік желілер мен «в контакте» топтары арқылы ақпарат алуды қалайды. Сарапшылар атап өткендей, біз бүгін иллюзия әлемінде жүрміз, себебі, біздің балалар оқымайтын газеттер мен журналдарды шығарып жалғастырып отырмыз. Жастар санасын тек дәстүрлі БАҚ қана емес, жазылушылар саны танымал басылымдардың таралым санынан артатын, блогерлер де қалыптастырады. Жаңа медиа, әлеуметтік желілер және ғаламтор бүгінгі таңда жас қазақстандықтардың санасын қалыптастыратынын мойындау керек. Технологиялық революцияның төртінші кезеңі жүрілуде – онлайн- және офлайн- салаларының біріктіруі, кибер-жеке әлемнің пайда болуы. Жалпы бірдей ғаламторға қосылу эрасы бастала отырып,

сенсорлық құрылғылар қарқынды қолданылуда. Жаңа интернет-әлеміндегі әрбір минут – бұл миллиондаған электрондық хаттар, WhatsApp хабарламалар, бейне қарап шығу және іздеу сұранымдар.

«Біз өз жеріміз бен оның байлығының ұқыпты иесі болуға үйренудеміз, жаңа технологияларды меңгеріп, тарихымызда ешқашан болып көрмеген өндірістік қуаттар мен экономиканың тұтас салаларын іске қосудамыз», - деп атап өтті Мемлекет басшысы Н. Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласында [1].

**Материалдар мен ғылыми тәсілдер.** Қазіргі заманғы технологиялық серпілістер іргелі түрлендірулерге әкеледі. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты бағдарламалық құжаты - жаңа қарқынды прогресстік әлемде қазақстандықтар үшін нақты жолнұсқасы болып табылады. Өнеркәсіптік революциясының түйінді бағыттары - жасанды интеллект, роботтандыру, үш өлшемді басып шығару, нанотехнология, биотехнология, мұнай химиясы және т. б. - әрине, тиісті даярлықтан өтуді талап етеді. Бұл бірқатар факторлардың іске асырылуы кезінде мүмкін, оның ішінде ең маңыздысы жастардың санасын жаңғырту болып табылады. Осыған байланысты отандық медиадан нақты қадамдар мен іс-әрекеттер күтуде.

«Өз кешіктегі интернет-өнім. Егер ақпараттық технология - бұл индустрияландыру заманындағы қазіргі электр баламасы болып табылса, онда қазіргі заманғы ғаламторды энергетикалық жүйе мен электр қозғалтқышқа ұқсастыруға болады, өйткені ол «ақпараттық энергияны» адамның кез-келген қызмет ету салаларына жеткізуге қабілетті», - деп есептейді испандық элеуметтанушы Мануэль К. [2].

Жаңа және дәстүрлі БАҚ-тың қазақстандық социумның дүниетанымдық, когнитивтік, менталды және мінез-құлық орнатуында жағымды және дұрыс әсер етуіне пәрменді тетіктерді анықтау үшін, аудиторияны бірқатар белгілері бойынша сегменттеу қажет, ол: жасы, білім деңгейі, діншілдігі, технологиялық дағдылары, саяси құмарлығы, өмір сүру деңгейі және т. б. Бұл, қалай болғанда да Қазақстанда ақпараттық өнімді тұтынатын, нысаналы аудиториялық топтардың барабар сипаттамасы мен белгілерін алуға мүмкіндік береді.

«Технологиялар мен ғаламтордың дамуының арқасында біз үшін коммуникацияның көптеген жаңа мүмкіндіктері ашылды», - деп есептейді британды автор Пол МакГи [3].

Сонымен қатар, отандық медиа-саласын деңгейлер бойынша сегменттеу қажет. Дәстүрлі БАҚ-ты үш көрсеткіш бойынша үйрену: жаңалықтарға қарым-қатынасы; онлайн нұсқаларының болуы; интерактивтілігі. Бұл жастардың тарапынан дәстүрлі БАҚ-қа деген қызығушылықтың төмендеуінің жүйелік қателіктері мен себептерін анықтауға мүмкіндік береді.

«Егер халық шын мәнінде өз өмірінің қалай орнатылғаны туралы жақсырақ хабардар болса, олар өз мүдделеріне жауап беретін, ақылға қонымды ұсыныстарға көбірек зерек болады», - деп есептейді қоғаммен байланыс және насихаттау саласындағы австро-американдық «пионер» Бернейс Э. [4].

**Негізгі бөлім. Ойталқы.** Жаңа БАҚ-ты келесі бағыттар бойынша зерделеген жөн: ақпараттың сапасы мен фактчекинг; технология және этика; сенім деңгейі және т. б. Бұның барлығы ақпарат арнасының танымалдығының өзара байланысын және оны іске асыру технологиясын анықтауға мүмкіндік береді. Содан кейін аудиториялық артықшылықтың тәуелділігін сапалы жүзеге асырудан немесе ақпараттық суреттер немесе мәтіндерді беруінен анықтау. Аудиторияға мәтіндердің медиа-әсерінің жүйелік факторлары, оның құндылықтары мен басымдылықтарының анықтауы, қоғамдық санаға рухани компоненттерінің тетіктерін енгізуін білім беру жүйесі және масс-медиа арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстандық социумның рухани жаңғыртудың мазмұны мен тұжырымдамасын, негізгі сипаттамалары мен күтілетін нәтижелерін зерттеу орынды. Сондай-ақ, қазақстандық социумның тұжырымдамалық процестері мен рухани жаңғыртудың мазмұнын, негізгі сипаттамалары мен күтілетін нәтижелерін зерделеу қажет.

Әрине, сындарлы түрде ақпарат беру нысаны және мазмұны өзгереді. ХХІ ғасырдың екінші онжылдығы коммуникативистіктің жаһандануымен, жаңа технологиялық сын-қатерлермен және медиа-саласындағы сандық өзгеруімен белгіленді. Жаңа жанрлар, «азаматтық журналистика», «стримингтік» теледидар, дрондар журналистикасы пайда болды. Бұның барлығы БАҚ-қа белсенді енгізіліп отырған, технологиялық жаңғыртудың нәтижесі болып табылады. Егер біздің дәстүрлі медиа қазақстандық құндылықтарды, басымдықтарды, рухани жаңғыруды насихаттауға арналған мемлекеттік ақшаны ала отырып, ақпараттың ескі, төмен-нәтижелі әдістемелер аясында қалса, өкінішті-ақ.

Сонымен қатар, интернет-БАҚ және жаңа медиа, әлеуметтік желілерді қоса алғанда, қуатты ықпалды әлеуетімен жастар аудиториясымен диалог ұйымдастыру үшін «Мәңгілік ел», қоғамдық сана-сезімінің рухани жаңғырту, «Туған жер» және т. б. идеялар жылжыту үшін өз мүмкіндіктерін пайдаланбаса бұл процестен бей-жай қалады.

Оның үстіне, әлеуметтік желілер мен ғаламтордың жастар арасында жоғары танымалдығын елемей факторлары, яғни оған әсер ететін кең мүмкіндіктер - қатерлі зардаптарға әкеп соқтыруы мүмкін, олардың арасында: жас аудиториямен байланысты жоғалту, жастардың шынайы шындықтан алшақтауы және үлкендердің басымдықтары; экстремистік және бөтен текті зиянды серлердің жас қазақстандықтардың ақыл-ойына қолайлы негіз болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІV сессиясында қабылданған «Мәңгілік Ел» Патриоттық актын бағалай отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаев: «Қазақстан халқының рухани құндылықтарының базалық форматы.. Онда экономика, саясат, мораль, дін, біздің жаһандық әлемде көрінуіміз мәселелері біріктіре байланысқан. Патриоттық актісінде біз, біріншіден, негізгі жалпыұлттық құндылықтарымызды бекітеміз; екіншіден, Қазақстанның дамуына қатысты мемлекеттің, қоғамның және барлық азаматтардың өзара жауапкершілігін шегелейміз», - деп атап көрсетті. [5].

Мемлекеттің халықтың айналасында базалық рухани құндылықтарды біріктіру ұмтылысын, республиканың 30 дамыған мемлекеттерінің қатарына қосу үшін және, осыған орай, экономикалық және әлеуметтік секторларында жүргізіліп отырған реформаларды, қоғамның барлық мүшелеріне түсінікті болуы өте маңызды болып табылады.

Сарапшылар қазіргі медиа-саланың жағдайын – жаппай ақпараттық шу дәуірі, сондай-ақ «постправда» дәуірі деп атайды. Біз бәріміз ақпараттық ортадағы фейктердің озбырлығын, деректердің бұрмалауын, статистикалық деректермен манипуляцияларын және басқа да әдістерді байқап отырмыз. Аса қауіпті әсерге тосқауылдар шығаруға үйрену қажет. Ресейлік зерттеуші И. М. Дзялошинский өз «Манипулятивные технологии в СМИ» атты кітабында: «Қазіргі уақытта манипуляция дегенде әдетте адамдардың ойлау және мінез-құлық өзгерту мақсатында олардың мүдделеріне қарамастан идеологиялық және әлеуметтік-психологиялық әсер ету тәсілдерінің жүйесі ретінде түсінеді» [6].

Дәл сол қорытындыға зерттеуші Г. Почепцовта өз «Информационные войны» кітабында келеді [7]. Жастардың жазылған сөзге ерекше сенім білдіруі, сыни ойлауының төмен деңгейі манипуляторлардың қолдарында жеңіл мақсаты болып табылады.

Американдық ғалымдар Зимбардо Ф., Ляйппе М. «Социальное влияние» атты кітабында индивидтің психикасына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әсер ететін бірқатар практикалық әдістемелерді атап өтті [8]. «Қоғамдық пікір» Зерттеу институтының директоры, ғалым Б. Ракишева «Орталық Азия жастарының интеграциялық бағдарлары (социологиялық зерттеу нәтижесі бойынша)» зерттеуінде осылай атап өткен: «Бүгінгі Орталық Азия жастары – бұл әртүрлі идеалдар, әр түрлі құндылықтар, түрлі идеологиялары бар жастар. Бір мезгілде алғанда біз интеграцияны құрайтындай, оның жалпы негіздері бар, соның ішінде мәдени және гуманитарлық. Бүгінде жастар екі үлкен топтан тұратынын ескеру қажет: Кеңес Одағы кезеңінде туған жастар және тәуелсіздік жылдарында туған жастар. Сәйкестіліктің құрылымы және құндылықтардың бағдарлары ерекшеленеді...» [9].

«Заманауи саяси технологиялар: тенденциялар және трендтер» монографиясының авторлары А. С. Жолдыбалина, А. Г. Урпекова, сондай-ақ, «Әлеуметтік желілер бүгінгі күні ғаламтордағы ең көп қолданылатын ресурстардың бірі болып табылады. ComScore зерттеу компаниясының деректері бойынша оларды шамамен интернет пайдаланушылар 85% қолданады. Әлеуметтік желілердегі ақпаратты талдау ең қызықты бағыттардың бірі болып танылады. Біріншіден, шағын блогтын өзі қоғамдық сипатты аса мол ақпаратының дерек көзі болып табылады. Екіншіден, әлеуметтік желілерде ақпарат ашық әрі айқын сипатқа ие және жақсы құжатталады. Үшіншіден, көптеген зерттеушілерге әлеуметтік желілердің деректерінің қызықтылығының себебі, микроблогта хабарламалар нақты уақыт режимінде пайда болады. Әлеуметтік желілерде әр түрлі қоғам топтарының пікірлерін, азаматтардың ұстанымдарымен қамтып көрсетеді» [10].

Бүгінгі күні тиімді коммуникацияның, идеологиялық әлем бейнесінің қалыптасқанын шолуын шетелдік авторлардың: француз профессор Геген Н. «Манипуляция және бағыну психологиясы» [11] және Шварцмантель Дж. «Идеология және саясат» [12] кітаптарында берілген.

**Қорытынды бөлім және нәтижелер.** Қазақстан аймақтық және халықаралық процестерге белсенді түрде қатыстырылады. 2017 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің екі жылдық кезеңіне тұрақсыз мүшесі болып тағайындалды, бұл жаһандық деңгейде өңірлік қаралатын мәселелер тізімін өзектендіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Қазақстан өзін маңызды халықаралық оқиғалардың сапалы алаңы ретінде көрсетті, бұл Универсиада - 2017, ЭКСПО - 2017, ШЫҰ саммиті, және қазан айында АӨСШК бастамасы 25-жылдығын атап өтеді. Астана өзінің саяси астаналардың бірі ретіндегі реномесін растайды. Маңызды халықаралық кездесулер мен келіссөздер өтетін платформа болып, «Азиялық Женева» атанатын, Түрікменстан-Өзбекстан-Тәжікстан-Қырғызстан-Қытай маршруты бойынша өтетін, «Орталық Азия – Қытай» 4 тармақты газ құбырының құрылысы жалғасуда.

Бұның барлығы отандық БАҚ-тың әлеуметтік құрылыстың гуманитарлық саласы мен ішкі саяси процестеріне басымдықты іске қосылу туралы айтып отыр. БАҚ-тың қай түрінің де технологиялық мүмкіндіктеріне және нарығының айқын сұраныс түсінігіне сүйеніп отыра, БАҚ және СМЖ арқылы социумның рухани жаңғырту ілгерілетуіндегі жұмысының тұжырымдамасын анықтауға кірісу қажет.

Ғылыми және технологиялық қажеттіліктері үшін рухани жаңғырту процесіне әлеуетті және жаңа медианы жаңа қосылу стратегиясын қалыптастыру қажет, жаңа қазақстандық партиотизміне жастарды тарту үшін қазнет потенциалын пайдалану. «Мәңгілік ел», қоғамдық сана-сезімін рухани жаңғырту, «Туған жер» және басқа да идеяларды қазақстандық өскелең ұрпақ арасында жаңа деңгейде ілгерілету және жастар аудиториясын қамту үшін жаңа БАҚ әлеуетін пайдалана білуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жастармен СМЖ арқылы барлық жинақталған жұмыс тәжірибесін шоғырландыруға және оны жоғары кәсіби деңгейде пайдалануға болады, қажетті контентті қалыптастыру үшін жаңа технологияларды қосып айтқанда, жас қазақстандықтардың дүниетанымы мен ақыл шабытын түсінікті және олар таңдаған мазмұн мен технологиялар арқылы әсер ету мүмкін.

### Әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.А. «План нации – путь к казахстанской мечте, 2016». [Электронный ресурс] - URL: [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte). (Дата обращения: 24.02.2019)

2 Мануэль К. Галактика: Размышления об Интернете, бизнесе и обществе. / К. Мануэль - Москва: У-Фактория, 2004. - 328 с.

- 3 МакГи П. Мастерство общения. / редактор М. Красовская - Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2014. - 240 с.
- 4 Бернейс Э. Пропанганда. / перевод И. Ющенко - Москва: Hippo Publishing LTD, 2015. - 176 с.
- 5 Патриотический акт «Мәңгілік Ел» принят на XXIV сессии АНК. 2016. [Электронный ресурс] - URL: [http://www.inform.kz/ru/patrioticheskiy-akt-mangilik-el-prinyat-na-xxiv-sessii-ank-foto\\_a2897109](http://www.inform.kz/ru/patrioticheskiy-akt-mangilik-el-prinyat-na-xxiv-sessii-ank-foto_a2897109). (Дата обращения: 24.02.2019)
- 6 Дзялошинский И.М. Коммуникативное воздействие: мишени, стратегии, технологии. / И.М. Дзялошинский - Москва: НИУ ВШЭ, 2012. - 247 с.
- 7 Почепцов Г. Информационные войны. / Г. Почепцов - Москва: Рельф-Бук, - 2001. - 576 с.
- 8 Зимбардо Ф., Ляйппе М. Социальное влияние. / Ф. Зимбардо, М. Ляйппе - Санкт-Петербург: St. Petersburg, - 2011. - 488 с.
- 9 Ракишева Б. Интеграционные ориентиры молодежи Центральной Азии (результаты социологического исследования), - Астана, 2017. [Электронный ресурс] - URL: <http://kisi.kz/uploads/33/files/k3seVqq7.pdf> (Дата обращения: 24.02.2019)
- 10 Жолдыбалина А.С., Урпекова А.Г. Современные политические технологии: тенденции и тренды. / А.С. Жолдыбаева, А.Г. Урпекова - Астана: Фолиант, 2016. - 112 с.
- 11 Геген Н. Психология манипуляции и подчинения. / Н. Геген - Санкт-Петербург: Питер. - 2004. - 204 с.
- 12 Шварцмантель Дж. Идеология и политика. - Москва: Гуманитарный центр, 2009. - 312 с.

**М.О. Негизбаева, А.С. Слямова, Ли Жуй**

*Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

### **Новые медиа в продвижении государственных программ**

**Аннотация.** Определение технологии традиционных и гражданских медиа в реализации идеи Нового Казахстана представляет собой объективную необходимость и актуальность исследования. Аккумулировать знания, умения, опыт и создать эффективный алгоритм дальнейших действий традиционных и новых СМИ по модернизации общественного сознания и духовно-нравственного возрождения, что образует каркас национальной идентичности и позволит Казахстану пойти по собственному, устойчивому, качественному и перспективному.

Целью статьи является демонстрация путей усиления интегрированности государственных механизмов в информировании молодежи и ее вовлеченность в процесс построения нового Казахстана.

**Научная и практическая ценность исследования.** Результаты могут быть использованы для формирования пакета рекомендаций и предложений по совершенствованию государственной информационной политики и организации новых меди-ресурсов

Методология исследования осуществляется с использованием комплекса современных методов научного познания, включая как общие методы исследования, так и частно-научные приемы, а также междисциплинарный подход

В ходе анализа обозначенной темы наряду с такими эмпирическими методами как описание, контроль и сравнение были использованы и теоретические подходы, основанные на аксиомах зарубежных ученых.

Для определения концепции и структуры Новой Стратегии информационной деятельности в сфере традиционных и новых медиа Казахстана и ее действенного влияния на духовный рост казахстанцев, важно понимать практическую значимость данного исследования. Сегодня отмечается снижение интереса новых и социальных медиа к вопросам идеологического воспитания и поддержки усилий государства в сферах социального и государственного строительства, а тем временем значительная часть казахстанской молодежи является постоянным зрителем или читателем именно новых медиа.

**Ключевые слова:** социальные медиа, новые медиа, государственные программы.



**M.O. Negizbayeva, A.S. Slyamova, Lee Zhui**  
*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **New media in promoting government programs**

**Annotation.** The definition of technologies of the traditional and civil media in realizing the idea of New Kazakhstan presents itself an objective necessity and urgency of the research. To accumulate knowledge, skills, experience and to create an effective algorithm for the further action of traditional and new MMC on the modernization of public consciousness and spiritual-moral revival, which forms the framework of national identity and will allow Kazakhstan to follow its own, sustainable, qualitative and perspective path.

The purpose of this article is influence on the concept of development of the domestic media sphere, strengthen the integration of state mechanisms in informing young people and its involvement in the process of building a new Kazakhstan.

The scientific and practical value. The results can be used to form a package of recommendations and proposals for improving the state information policy and organizing new media resources.

Methodology of the research is carried out using a set of modern methods of scientific knowledge, including both general research methods and private-scientific methods, as well as an interdisciplinary approach.

In the course of the analysis of the indicated topic, theoretical approaches based on the axioms of foreign scientists along with such empirical methods as description, control, and comparison were used. To determine the concept and structure of the New strategy information activity in the field of traditional and new media in Kazakhstan and its effective influence on the spiritual growth of people of Kazakhstan, it is important to understand the practical significance of this study. Today, there is a decline in the interest of new and social media in the issues of ideological education and support of the state's efforts in the spheres of social and state construction, and meanwhile a significant part of Kazakhstan's youth is a constant spectator or a reader of new media.

**Keywords:** social media, new media, government programs.

### **References**

- 1 Nazarbaev N.A. Plan nacji – put' k kazahstanskoj mechte, 2016 [Plan of the nation - the path to the Kazakh dream], [Electronic resource] Available at: [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte). (Accessed: 24.12.18) [in Russian ]
- 2 Manuehl' K. Galaktika: Razmyshleniya ob Internetе, biznese i obshchestve [Galaxy Internet. Reflections on the Internet, business and society]. (U-Faktoriya, Moscow, 2004, 328 p.). [in Russian ]
- 3 MakGi P. Masterstvo obshcheniya [Communication skills]. (Mann, Ivanov i Ferber, Moscow, 2014, 240 p.). [in Russian ]
- 4 Bernejs Eh. Propaganda [Propaganda, Translation by I. Yushchenko], (Hippo Publishing LTD, Moscow, 2015, 176 p.). [in Russian ]
- 5 Patrioticheskij akt «Mәngilik El» prinyat na XXIV sessii ANK, 2016 [The Patriotic Act «Mangilik El» adopted at the XXIV session of the ANC. 2016]. [Electronic resource] Available at: [http://www.inform.kz/ru/patrioticheskij-akt-mangilik-el-prinyat-na-xxiv-sessii-ank-foto\\_a2897109](http://www.inform.kz/ru/patrioticheskij-akt-mangilik-el-prinyat-na-xxiv-sessii-ank-foto_a2897109). (Accessed: 24.12.18) [in Russian ]
- 6 Dzialoshinskij I.M. Kommunikativnoe vozdejstvie: misheni, strategii, tekhnologii [Communicative impact: targets, strategies, technologies], (NIU VSHEH, Moscow, 2012, 247 p.). [in Russian ]
- 7 Pohepcov G. Informacionnye vojny [Information warfare], (Rel'f-Buk, 2001, 576 p.). [in Russian ]

- 8 Zimbardo F., Lyajppe M. Social'noe vliyanie [Social impact], (St. Petersburg, 2011, 488 p.). [in Russian ]
- 9 Rakisheva B. Integracionnye orientiry molodezhi Central'noj Azii (rezul'taty sociologicheskogo issledovaniya) [Integration benchmarks of Central Asian youth (results of a sociological survey)], [Electronic resource] Available at: <http://kisi.kz/uploads/33/files/k3seVqq7.pdf>] (Accessed: 24.12.18) [in Russian]
- 10 ZHoldybalina A.S., Urpekova A.G. Sovremennye politicheskie tekhnologii: tendencii i trendy [Modern political technologies: trends and trends], (Foliant, Astana, 2016, 112 p.). [in Russian]
- 11 Gegen N. Psihologiya manipulyacii i podchineniya [Psychology of manipulation and submission], (Piter, Sant-Peterburg, 2004, 204 p.). [in Russian]
- 12 SHvarcmantel' Dzh. Ideologiya i politika [Ideology and politics], (Gumanitarnyj centr, Moscow, 2009, 312 p.). [in Russian]

#### **Автолар туралы мәлімет:**

**Негізбаева М.О.** - филология ғылымдарының кандидаты, журналистика факультеті, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика кафедрасының доценті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы 71, Алматы, Қазақстан.

**Слямова А.С.** – журналистика факультеті, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика кафедрасының 2 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы 71, Алматы, Қазақстан.

**Ли Жуй** – журналистика факультеті, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика кафедрасының 2 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы 71, Алматы, Қазақстан.

**Negizbayeva M.O.** - Candidate of Philology, Associate Professor of International Journalism, UNESCO, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Avenue, Almaty, Kazakhstan.

**Slyamova A.S.** - Journalism Faculty, UNESCO, 2nd year Master of International Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Avenue, Almaty, Kazakhstan.

**Lee Zhui** - Journalism Faculty, UNESCO, 2nd year Master of International Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Avenue, Almaty, Kazakhstan.

XFTAP 19.01.11

**Б.Тоқтарбай<sup>1</sup>, А. Жақсылық<sup>2</sup>**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup>beibit.togtarbai@mail.ru, <sup>2</sup>b.bek.2006@mail.ru)

### **Жаңа медиа және блогерлік: шетелдік, отандық тәжірибе негізінде**

**Аңдатпа.** Автор бұл мақалада жаңа медиа және оның ішінде блогерлік жайлы баяндайды. Интернеттің пайда болуы коммуникация саласы үшін үлкен жетістік болғандығын сонымен қатар әсіресе, журналистика үшін айтулы кезең екендігін атап өтеді. Интернетпен бірге келген журналистикадағы техникалық және технологиялық жаңартуларды, олардың игілігін талдайды. Жаңа медиамен ере келген блог және блогерлік ұғымдарына тоқталады. Блог деген не, блогер деген кім дейтін сұрақтарға жауап іздейді. Блогерлердің қоғамдағы орнын, олардың жұмыс істеу стилін және Қазақстандағы блогерлік жайлы жазады. Блог жүргізуде ескеретін мәселелерге, құқықтық және этикалық нормаларға көңіл аударады. Шетелдік және отандық блогерлер жайлы мысалдар келтіреді. Отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінен теориялық және практикалық мысалдар қарастырады. Қазақстанда азаматтық журналистика, жаңа медиа, блогерлік ұғымдарының толыққанды орнығып, халық арасында кеңінен таралғандығын атап өтеді. Еліміздегі азаматтық журналистиканың болашағы жайлы пікір айтады.

**Түйін сөздер:** жаңа медиа, азаматтық журналистика, блог, дәстүрлі медиа, интернет, БАҚ.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-127-2-91-97>**

